

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ БОЙЫНША

**2025-2026 оқу жылындағы
жылдық талдау**

2025-2026 оқу жылы

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген.

Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Мектептің тақырыбы: *«Білім берудің тиімді технологияларың қолдану арқылы нәтижеге бағытталған оқыту негізі білім сапасың арттыру»*

Мақсаты: Мектептің одан әрі дамуының басымдықтарын анықтау;

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасын қолданып оқу-тәрбие үдерісіне өзгерістер енгізу арқылы білім сапасын арттыру

Міндеттері:

1. Мектеп мұғалімдерінің тәжірибесін жетілдірумен қатар сындарлы ойлауға бағыттау.

• 2. Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ойлау белсенділігін дамыту жолында сабақтың сапасын көтеру;

3. Балалардың жан-жақты дамуына, әлеуметтендірілуіне қолдау көрсету

• 4. Білім жүйесіне жаңашыл деңгейлі технологиялардың тиімді және жүйелі енгізілуіне мүмкіндік туғыздыру

• 5. Салауатты өмір салтын және денсаулықтың құндылығы туралы түсініктерін қалыптастыру.

Педагогикалық ұжымның міндеттері:

- Білім беру мазмұнын жаңартуда педагог мамандардың кәсіби қалыптасуын жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызу

- Білім беру ұйымдағы инновациялық үдерістерді белсендіру мен қолдаудағы әдістемелік қызметтің ролін күшейту

- Оқу процесінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған іс –шараларды жүзеге асыру;

- Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың әдістері мен түрлерін жетілдіру;

Мекен жайы Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы,
Аркалық қаласы, Западный кенті, Матросова көшесі, 6 үй.
Телефон /факс/ 8-71430-7-96-16, e-mail: kst.ark.sh8@mail.kz,
kst-ark-sh8.edugov.kz

Мектепте 0-9 сынып оқушылары оқытылады.

Оқыту тілі – қазақша

Оқушылар контингенті

2025-2026 оқу жылы-82 оқушы, оның ішінде қызы –36, ұлы–46.

Бастауыш буын 29, орта буын 45. Мектепалды даярлық сыныпта-8

Сынып жиынтығы–10. 0- 4 сынып – 37, 5 -9 сынып –45.

Оқытудың ақпараттық - коммуникациялық технологияларын енгізу
Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің тиімді жолы — білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. Мектепте компьютер саны: 51, оның ішінде жұмыс істейтіні 51 дана. 51 компьютердің интернет желісіне шығу мүмкіндігі бар. Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттер жоқ. Қыркүйек айынан зертханалық жабдықтармен кабинеттер жабдықталды. Барлық ұстаздар ақпараттық – коммуникациялық технологияларын меңгерген. Интернет желісі арқылы «Білім ланд», «BILIMKLASS» және т.б сайттарға пән бойынша керек материалдарын сабақ беру барысында пайдалануға толық мүмкіншілік бар.

2025-2026 оқу жылдағы оқушылар контингенті
(мектепалды даярлық сыныптарын есепке алмағанда)

Оқу жылы	2025/2026 оқу жылы
Оқушылар контингенті	74

Жалпы поселок бойынша тұрғындардың қоныс аударуының көп болуына байланысты жыл сайын мектептің оқушылар саны кеміп келеді.

Мектептің материалдық-техникалық базасы

оқу кабинеттері – 19

лингфондық-мультимедиялық кабинет – 1

медициналық кабинет – 1

асхана – 1

кітапхана – 1

спорт залы – 1

спорт алаңы– 1

Мектептің педагогикалық ұжымының кадрлық құрамы

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі кадрлар құрамын нығайту жөніндегі қызмет болып табылады. ҚР «Білім туралы» Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжымды білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек кодексіне сәйкес жұмысқа қабылданған барлық мұғалімдермен еңбек шарттары жасалды.

Мектептің педагогикалық кадрларының сандық құрамы қажеттілікке байланысты аныкталады.

Мектеп кадр саясаты педагог қызметкерлердің, басқарушы кадрлардың және қосалқы қызметкерлердің кәсіптік және шығармашылық, іздену-зерттеушілік деңгейін көтеруге жағдай жасауды көздейді.

№8 негізгі орта білім беретін мектебінің әкімшілік – басқару құрамы 5 адамнан тұрады: мектеп директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 1, тәлімгер – 1, психолог – 1, әлеуметтік педагог – 1.

Әкімшілік – басқару аппаратының барлық мүшелерінде базалық білімі талапқа сәйкес, өздерінің біліктілік деңгейлерін облыстық және республикалық деңгейдегі біліктілік арттыру курстары, семинарлары арқылы жетілдіріп отырады.

Әкімшілік – басқару аппаратының әрбір мүшесінің мектеп директоры бекіткен лауазымдық нұсқаулықтары бар. Онда әрбір басқарушы қызметкердің лауазымдық міндеттері мен құқықтары, педагогикалық кадрлармен жұмыс атқару, олардың оқу жүктемесін анықтау, педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау, педагогикалық және оқушылар ұжымының іс – әрекетін ұйымдастыру және бақылау жасау бағыттары көрсетілген.

Педагогикалық кадрларды талдау

2025-2026 оқу жылы мектепте барлығы 27 мұғалім, сонымен қатар, педагогтарға теңестірілгендер (3):1 психолог, 1 әлеуметтік- педагог, 1 тәлімгер, Жоғары білімді мұғалім– 22 (81%), арнаулы орта білімді-5 (18%) 2025-2026 оқу жылында 27 мұғалімнің педагог модератор – 13 , педагог сарапшы -4 , педагог зертеуші – 1.

Жас және жанадан келген педагогтарға әдістемелік көмек ұйымдастыру үшін жас педагог мектебі құрылды, директордың бұйрығымен тәлімгерлер тағайындалды Педагогикалық тәжірибені жалпылау, тарату және тереңдету үшін озық тәжірибе мектебі құрылды, онда мұғалімдер өз жетістіктерімен, тәжірибелерімен бөліседі.

Мұғалімдердің курстық қайта даярлаудан өтуі

Оқу жылы	Курстық қайта даярлауға жататын педагог қызметкерлердің жалпы саны (адам)	Біліктілікті арттыру курсынан өтті
2025/2026	27	8

Педагог кадрларды қайта даярлау курсынан өткен кезде педагогтарды аттестациядан өту мерзімдері, сондай-ақ олардың жұмысының тиімділігі ескеріледі. Білім сапасы төмен мұғалімдерге курстық жұмыс арқылы жоспардан тыс біліктілігін арттыру ұсынылады.

Мұғалімдердің сабақ жүктемесі.

Мектептің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі—барлық міндетті деңгей көлемінде оқушыларға сапалы білім беру. Оқу жүктемесінің максималды көлемі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен санитарлық нормаға сәйкес. Мектептің оқу жоспары базалық, мектеп және оқушы компоненттерінен құрылған.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025–2026 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1–4 сыныптардың оқу жұмыс жоспары келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірленді: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен); «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы (енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен); «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы (енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен); «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы (енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен); «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы (енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен); «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы); «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы; «2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы).

Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей, 2025-2026 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді. Пәнді оқытудың ерекшеліктері: Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес «Шетел тілі» пәні ҮОЖ сәйкес 3 сыныптардан бастап, шетел тілі оқытылады. 1-2 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің

орнына «Енбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту жалғасады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту жалғасады.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 25 тармағында 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4- сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 26 тармағында «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптарымен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1 – сыныпта-19,5 сағаттан, 2 сыныпта-24 сағаттан, 3-4 сыныпта-26 сағаттан аспайды. 1-4 сыныптарда білім алушылардың апталық оқу жоспары инварианттық компонент және вариативтік компоненттен құралды.

Әдістемелік жұмыстар

Әдістемелік жұмыс – педагог кадрлардың ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Мектептің тақырыбы: «Мектептегі білім сапасын арттырудың негізі – оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер»

Мақсаты: Озат әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын, шығармашылық қабілетін, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін, біліктілігін, жаңа инновациялық ізденістерін арттыру.

- *Міндеттері:* Мектептің педагогикалық ұжымы іс-әрекетінің жаңашылдық бағыттылығын қалыптастыру.
- Жаңа білім бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарына сай оқу жұмыстарын ұйымдастыру;
- Мұғалімдердің теориялық және педагогикалық –психологиялық даярлық деңгейін көтеру;
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету;
- Өз білімін көтеру, кәсіби шеберлігін арттыру жолдарын анықтау;
- Педагог қызметін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдау, бағалауда көмек көрсету

- Мұғалімдер мен оқушыларды ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу.
- Мұғалімдерге диагностикалық және дифференциялық негізде жекелей және кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми-әдістемелік көмек көрсету: жас мұғалімдер; пән мұғалімдері; сынып жетекшілері мен тәрбиешілер; педагогикалық жұмыста белгілі бір қиындықты басынан кешірушілерге; педагогикалық жұмыс мерзімі аз мұғалімдерге, т.с.с.

Білім беру саласында мұғалімнің интеллектуалдық кәсіптік шеберлігінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытып оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмек көрсетуде *Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 бұйрығы* негізінде әдістемелік кеңес құрамы бұйрықпен бекітіліп, әдістемелік бірлестіктер құрылған.

Әр әдістемелік бірлестіктің жұмысы мектеп тақырыбына сәйкес өз алдына тақырып алып, мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолдарын анықтады. ӘБ мына тақырыптарды басшылыққа алды.

Әдістемелік кеңесті құрудағы мақсат: Мектептегі әдістемелік жұмысты жүйелі ұйымдастыру, жүзеге асыру. Білім беру саласында шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған білім мен тәрбиені ұйымдастыруына көмек көрсетуде мектепшілік әдістемелік бірлестіктер */Бастауыш бірлестігі, Жаратылыстану бірлестігі, Гуманитарлық пәндер бірлестігі* құрылған.

Бастауыш бірлестігі пәндер бойынша 2025-2026 оқу жылының жылдық қорытынды есебі

Білім беру саласында мұғалімнің интеллектуалдық кәсіптік шеберлігінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытып оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмек көрсетуде мектепшілік әдістемелік бірлестіктер құрылған. Жыл бойы бірлестіктер арасында онкүндік, әдістемелік күн, апталықтар өткізілді. Әр мұғалім ашық сабақ, сыныптан тыс іс – шаралар ұйымдастырды. Қалалық семинарларға қатысып отырады.

Бірлестіктің тақырыбы: «Оқушылардың жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, білім сапасын жоғарлату құралы ретінде жұмыс барысында жаңа әдістерді пайдалану.

Бірлестіктің мақсаты: Бастауыш сыныптарды оқытудағы мұғалімнің құзырлықтары мен кәсіптік шеберліктерін жетілдіру бағытында жұмыстарын ұйымдастыру.

Бастауыш сыныптарында 2025-2026 оқу жылында 5 мұғалім жұмыс істейді. Оның 3- і жоғары, 2-уі арнаулы орта білімді. Сарапшы санатымен-1, Модератор санатымен-4 маман жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында барлық мұғалімдер күнтізбелік жоспарларын бекітіп, сол бойынша жұмыстар атқарылды.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі: Қолшинбаева Құралай Шайхыновна, санаты педагог-модератор. еңбек өтілі -16 жыл. 0 «А» сынып оқушылар саны. 8

2025–2026 оқу жылы бойынша мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілерінің бастауыш сыныпқа көшуге дайындығына бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау барысында балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары сараланды. Сонымен қатар сөйлеу мәдениеті, сауат ашу, қарапайым математикалық

түсініктері, қоршаған ортамен танысу деңгейлері қарастырылды.

Бақылау нәтижесінде тәрбиеленушілердің оқу әрекетіне қызығушылығы жоғары екендігі байқалды. Оқушылар мұғалімнің нұсқауын тыңдап, тапсырмаларды өз бетінше орындауға дағдыланған. Балалардың көпшілігі дыбыстарды ажыратып, буынға бөлу, сөз құрастыру, сөйлеммен жұмыс жасау дағдыларын меңгерген. Қарапайым математикалық есептерді шығарып, салыстыру, санау, пішіндер мен түстерді ажырату жұмыстарын талапқа сай орындай алады. Сонымен қатар балалардың есте сақтау қабілеті, зейіні, логикалық ойлауы, байланыстырып сөйлеуі жақсы деңгейде қалыптасқан. Тәрбиеленушілер бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасап, топпен жұмыс істеуге бейімделген. Оқу қызметі кезінде тәртіп сақтап, өз ойын еркін жеткізе алады.

Бастауыш сынып апталығы барысында бастауыш сынып мұғалімдері мен оқу ісі жөніндегі орынбасары мектепалды даярлық сыныбының ашық оқу қызметтеріне қатысып, оқушылардың дайындық деңгейіне қосымша бақылау жүргізді. Бақылау нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім деңгейі, оқу әрекетіне бейімділігі және тәртіп дағдылары жақсы бағаланып, оң пікірлер берілді.

Бақылау қорытындысы бойынша:

- жоғары деңгей – 4 оқушы;
- орташа деңгей – 4 оқушы;
- төмен деңгей – анықталған жоқ.

Жалпы қорытынды бойынша мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілерінің бастауыш сыныпта білім алуға психологиялық, танымдық және әлеуметтік дайындығы жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Оқушылар 1-сынып бағдарламасын меңгеруге дайын деп бағаланды.

Досымбаева Жанат Нағашыбаевна – білімі арнаулы орта, Назипа Құлжанова атындағы педагогикалық колледж 2010 жылы аяқтаған. Пед. өтілі 16 жыл. Сабақ беретін сыныптары: 1- сынып, жүктеме- 17 сағат.

1 «А» сынып, жетекшісі

Досымбаева Жанат Нағашыбаевна – білімі жоғары, Қостанай қаласы.

3. Алдамжар атындағы университет 2012 жылы «Қазақ тілі әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі берілді. Пед. өтілі 16 жыл. Сабақ беретін сыныптары: 1-4 сынып, жүктеме- 16 сағат. Әдістемелік тақырыбы: «Сабақта әртүрлі жана технология әдістерін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»

1 «А» сыныбында 7 оқушы бар. 2 - ұл, 5- қыз. 1 сыныпта баға қорытылмайды, үлгермеуші жоқ, білім сапасы 100%. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығы жақсы. Әр сабақта ойындар және сергіту сәттері жүргізіліп отырылады.

Көркем жазу жұмыстары әр сабақ барысында жүргізіліп отырылады. Жазуы нашар оқушылармен қосымша көркем жаза білуге дағдылануға жұмыстар атқарылды. Жұма күндері қосымша сабаққа шақырылып, оқушылармен жұмыстар жүргізіліп отырылады. Оқушылардан өткен тақырыптар бойынша апта сайын минутка оқу күнделікті жүргізіліп отырылды.

Математика пәнінен оқушыларымыз жақсы. Барлық оқушылар тақтаға өз бетінше есептер шығара алады.

Үлгірімі төмен оқушыларымен қосымша жұмыстар жүргізіліп отырылады. Түрлі ертегі кітаптар үлестіріп, апта соңында ертегінің мазмұнын сұралып отырылды. Сыныппен мектебімізде жыл басында жоспарланған қалалық семинар өтті. Сабақ жоғары деңгейде өтті деген баға берілді. Келер жылы оқушыларымызмен атқаратын жұмыстарға нақты қай бағытпен жұмыс жасау қажеттілігі жоспарланды.

2 «А» сынып, жетекшісі

Хайруллина Гүлжаухар Турлыханқызы – білімі жоғары, Ы Алтынсарин атындағы АрқМПИ 2008 жылы аяқтаған. Арнаулы орта (Үздік белгімен) АрПУ 1994 жылы аяқтаған. Пед өтілі 30 жыл 10 ай. Сабақ беретін сыныптары: 2- сынып, жүктеме- 17 сағат. «Педагог- сарапшы» 2024 жылы расталды.

2 “А” сыныпта барлығы 8 оқушы білім алады. Оның ішінде 5 қыз бала, 3 ер бала.

Оқу үлгерімі бойынша: Жақсы оқытындар: 5 оқушы (62%)

Орташа деңгей: 3 оқушы (37%)

Сапа көрсеткіші: 62%

Оқу үлгерімі: 100%

«Қазақ тілі» пәні бастауыш мектепте гуманитарлық білім берудің бастапқы өзегі болып табылады. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі оқушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отырды. Бейбітов Алинур, Жұман Аруна жазба жұмысын сауатты жазады. Өсетқызы Айлин, Төлен Еркеназ жазба жұмысында грамматикалық, орфографиялық қателіктерді жиі жібереді. Нұрғали Балжан, Мустафина Аяла бас әріппен жазуда, сөйлем соңында тыныс белгісін қоюда, сөзді тасымалдағанда жиі қате жібереді. Жыл соңында 2 оқушы «5» деген бағаға, 3 оқушы «4» деген бағаға, 3 оқушы «3» деген бағаға аяқтады.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқу бағдарламасында әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылған. Оқушылардың жылдық қорытындысы бойынша оқу шапшаңдығы төмендегідей:

Өсетқызы Айлин – 50 сөз, Бейбітов Алинур – 70 сөз, Жұман Аруна – 67 сөз, Мирасбекұлы Аңсар – 17 сөз, Мустафина Аяла – 48 сөз, Нұрғали Балжан – 49 сөз, Төлен Еркеназ – 58 сөз, Төлеу Мүсілім – 57 сөз. Жыл соңында 2 оқушы «5» деген бағаға, 4 оқушы «4» деген бағаға, 2 оқушы «3» деген бағаға аяқтады.

«Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру. Бастауыш білім беру деңгейінде математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту, оқу және

тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылыққа білеттерді дамыту, өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну міндеттері іске асырылды. Жыл соңында 3 оқушы «5» деген бағаға, 3 оқушы «4» деген бағаға, 2 оқушы «3» деген бағаға аяқтады. Жыл соңында барлық негізгі пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) алынды. Бағалау нәтижелері бойынша оқушылардың басым бөлігі оқу мақсаттарын меңгергенін көрсетті.

3 «А» сынып, жетекшісі

Баядилова Мәлдір Жылқыбаевна.

Баядилова М.Ж. жүктеме - 17 сағат. Әдістемелік тақырыбы: «Тімді қарым-қатынас құзиреттілігін дамыту арқылы оқушылардың оқу-тәрбие нәтижесін, сөйлеу тілдерінің дамуын жақсарту» Мақсат: Білім алушының бойына жанартылған оқу бағдарламаларында көзделген құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру.

Оқу жылының 1-2 тоқсанында былтырғы жылмен салыстырғанда оқушылардың білім сапасы 7 пайызға төмендеді. Оның себебі, өткен оқу жылында сыныпта 6 оқушы болатын. Жақсы оқитын оқушы Төлеміс Нұрым басқа қалаға көшулеріне байланысты мектеп ауыстырды. Сыныпта қалған 5 оқушыға орташа деңгейде оқитын екі оқушы қосылды Биылғы жылы Мейрам Айзере, Жалғасбай Бакнұр атты екі оқушы басқа мектептен ауысып келді. Жалғасбай Бакнұрдың мінезі ашық, сыныппен тез тіл табысып кетті. Оқушының оқу шапшаңдығы өте баяу, қателесіп оқиды. Көбейту кестесін уақытында жаттамауына байланысты ұмытып қала береді. Сауатсыз жазады. Мейрам Айзере тұтығып сөйлейді және сөздерді біраз ойланып барып баяу жалғап айтады. Жазу каллиграфиясы жақсы, баяу жазады. Қазіргі уақытта сыныпта 7 оқушы бар. Оның 4-і ұл, 3-і қыз бала. 3-4 тоқсанда сынып оқушыларының білім сапасы жақсы көтерілді. Төлеу Ерасыл үздік оқушы болса, Жалғасбай Бакнұр екпінділер қатарына қосылды. 4 оқушы: Төлеу Ерасыл-оқу озаты, Искаков Алихан, Нұрғали Гүлжан, Жалғасбай Бакнұр -оқу екпіндісі болып, қалған 3 оқушы орташа деңгейде тоқсанды аяқтады. Искаков Алихан, Нұрғали Гүлжан-бұл оқушылар мұғалімнің берген әрбір тапсырмасына жауапкершілікпен қарап орындауға тырысады. Мейрам Айзере жазба жұмыстарын жақсы орындайды, дегенмен, математика сабақтарында жекелей қолдауды қажет етеді, есептерді өздігінен шығара алмайды. Әдебиеттік оқу пәнінен жүргізіп оқи алады, түсінігін айтып жеткізе алмайды. Нұрсали Дария және Алькенов Саид-ПМПК шешімімен ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар. Бұл оқушылардың тілдерінің дамуында және ойлау қабілеттерінде тежеуліктер бар. Қазіргі таңда екі оқушының тәртібі жақсы, жүргізіп оқи алады, жазулары талапқа сай қалыптасып келеді. Екі оқушы да көбейту кестесін жатқа біледі. Оқығаннан түсінік айту, диктант жазу жұмыстарын орындай алмайды. Нұрсали Дария жүргізіп оқиды, көшіріп жаза алады, жиі тұтығып сөйлеуіне байланысты ойын сөйлеп жеткізе алмайды, математикалық қарапайым есептерді түсінбейді, үнемі жетелеуді қажет етеді. Алькенов Саид түзу жаза алмайды, қаншама үйрету жұмыстары жүргізілсе де тапсырмаларды ретсіз, немқұрайлы орындайды. Өте мазасыз, ашуданшақ, сөйлеу тілі түсініксіз. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бала бұсындап оқи

алады, көбейту кестесін жатқа біледі. Жеңілдетіп берген есептерді қызығушылықпен орындайды.

2025 ж «Дарын» атты Республикалық онлайн байқауға қатысып Искаков Алихан, Төлеу Ерасыл, қатысып, II-дәрежелі дипломмен марапатталды.

2025 ж «БАСТАУ» математикалық онлайн байқауына қатысып I -дәрежелі дипломмен Искаков Алихан марапатталды.

2025 ж «БАСТАУ» математикалық онлайн байқауына қатысып Төлеу Ерасыл II -дәрежелі дипломмен марапатталды.

2025ж «Ақбота» Республикалық онлайн байқауға қатысып Төлеу Ерасыл сертификат алды.

2025ж «Дарын» атты Республикалық онлайн байқауға қатысып Нұрғали Гүлжан I-дәрежелі дипломмен марапатталды.

2025 ж «Ақбота» математикалық онлайн байқауына қатысып Нұрғали Гүлжан I -дәрежелі дипломмен марапатталды.

Алдағы уақытта да оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында белгілі кемшіліктерді түзету барысында жұмыстар жалғасын табадады

4 «А» сынып жетекшісі

Абдрахманова Жанар Тулендиевнага – «Арқалық педагогикалық училищесі» «Жалпы білім беретін мектептерде бастауыш кластарында оқыту» мамандығы 1994 жылы берілді. Пед өтілі 16 жыл. Сабақ беретін сыныптары: 1-4 сынып, жүктеме- 16 сағат. Әдістемелік тақырыбы: «Тіл сабақтарында сөйлеу мәдениетін дамыту»

Әдістемелік тақырыбы:

«Тіл сабақтарында сөйлеу мәдениетін дамыту»

Оқу-әдістемелік құрал тақырыбы:

«Бастауыш сынып оқушылары үшін нейрондық желілер арқылы интерактивті ойындар жасау»

Біліктілікті арттыру курстары:

Курс тақырыбы: Бастауыш сынып мұғалімдерінің Математика, Қазақ тілі және Әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту

Өткізілу мерзімі: 16.10 – 27.10.2023

Сағат саны: 80 сағат

Өткізілген орны: «Өрлеу» БАҰО

Курс тақырыбы: Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау

Өткізілу мерзімі: 06.02.2025

Сағат саны: 72 сағат

Өткізілген орны: «Өрлеу» БАҰО

4 «А» сыныбында 7 оқушы. Оның ішінде 4-қыз, 3-ер бала. Үздік оқушылар: Нұрсали Олжас, Өмірзақ Нұрай. Екінші оқушылар: Ахмет Еркебұлан, Жексенбай Сабина, Айтжанұлы Рамазан. Оқу дағдылары қалыптасқан, мәтінді түсіну, есеп шығару, сауатты жазу, өз ойын жеткізу қабілеттері дамыған. Дегенмен, үлгерімі

төмен оқушылармен жүйелі жеке жұмыс жүргізілді. Оқушыларда зейін, есте сақтау, логикалық ойлау дағдылары дамуда. Жас ерекшеліктеріне сай тапсырмаларды орындай алады, кейбір оқушылар өз бетімен ізденуге бейім. Сыныптағы балалар ұйымшыл, бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы. Жаңа ортаға бейімделу қабілеті қалыптасқан. Мұғаліммен, ата-анамен, сыныптастарымен өзара байланыс орнату мәдениеті бар. Оқушыларда жауапкершілік, тәртіп пен еңбекке деген құрмет байқалады. Сыныптағы оқушылардың оқу жылдамдығы белгіленген нормадан асады, бұл — олардың оқу техникасын жақсы меңгергенін көрсетеді. Дегенмен, кейбір оқушыларда каллиграфиялық (таза, көркем жазу) қателер кездеседі. Жазу барысында әріптердің биіктігі мен біркелкілігіне мән бермей, шапшаңдыққа салынып, жазу сауаттылығын төмендетіп алады. Сыныптағы оқушылардың оқу жылдамдығы белгіленген нормадан асады, бұл — олардың оқу техникасын жақсы меңгергенін көрсетеді. Дегенмен, кейбір оқушыларда каллиграфиялық (таза, көркем жазу) қателер кездеседі.

Айтжанұлы Рамазан	95- 113 сөз
Ахмет Еркебұлан	84- 99 сөз
Жексенбай Сабина	117-140 сөз
Мустафина Аси	65 – 76 сөз
Минжасова Ақбота	60 – 70 сөз
Нурсали Олжас	90 – 100 сөз
Өмірзақ Нұрай	120 - 135 сөз

Оқу жылдамдығы бойынша көрсеткіштер әр түрлі деңгейде болғанымен, жалпы сыныпта оң ілгерілеу байқалады. Әсіресе, Өмірзақ Нұрай мен Жексенбай Сабина жоғары нәтиже көрсетсе, Мустафина Аси мен Минжасова Ақбота қосымша қолдауды қажет етеді.

Үлгерімі төмен оқушылармен жеке пәндер бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Мысалы, Минжасова Ақбота мен Мустафина Аси қазақ тілі мен математика пәндерінен жеңілдетілген тапсырмалар беріліп, түсіндіру жұмыстары қосымша сабақтарда жүргізіледі. Сынып оқушылары мектепшілік және қалалық іс-шараларға белсене қатысады. Оқушылар түрлі байқаулар мен жарыстарда өз өнерлерін көрсетіп, жүлделі орындарға ие болуда. Сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылықтары әртүрлі бағытта қалыптасқан. Көпшілік оқушылар математика, дүниетану, көркем еңбек, дене шынықтыру және қазақ тілі пәндеріне ерекше қызығушылық танытады. Нурсали Олжас, Өмірзақ Нұрай, Жексенбай Сабина, қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндеріне ерекше ынтамен қарайды, шығармашылық тапсырмаларды қызыға орындайды. Ахмет Еркебұлан, Айтжанұлы Рамазан – математика мен информатика пәніне қызығушылық білдіріп, логикалық тапсырмаларды белсенді орындайды. Жексенбай Сабина, Мустафина Аси – сурет өнері. Сурет өнері саласынан қалалақ сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Нурсали Олжас – дүниетану пәнінде жоғары белсенділік көрсетіп, қосымша мәліметтер іздеуге бейім. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында сыныпта түрлі танымдық ойындар, жобалық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар жиі өткізіледі. Бұл олардың білімге деген ынтасын көтеріп, жеке қабілеттерін дамытуға оң әсерін тигізуде.

2025-2026 оқу жылындағы оқушылар жетістіктері :

1. Ахмет Еркебұлан, Өмірзақ Нұрай «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы Дарын республикалық ғылыми-практикалық орталығы 07.11.25 II-дәрежелі Диплом.
2. Ахмет Еркебұлан 2-4 сынып оқушыларына арналған Республикалық «Бастау» математикалық турнирінің қалалық кезеңі 17.01.25 II дәрежелі Диплом
3. Минжасова Ақбота 2-4 сынып оқушыларына арналған Республикалық «Бастау» математикалық турнирінің қалалық кезеңі 17.01.25 I дәрежелі Диплом
4. Айтжанұлы Рамазан "Дарын республикалық білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Бастау» математикалық байқауы 17.10.25 II дәрежелі Диплом
5. Өмірзақ Нұрай "Дарынды бала" Республикалық қазақ тілі пәні бойынша 17.10.25 I дәрежелі Диплом
6. Ахмет Еркебұлан "Дарынды бала" Республикалық қазақ тілі пәні бойынша 17.10.25 I дәрежелі Диплом
7. Өмірзақ Нұрай 2-7 сынып оқушыларына арналған "Зерде" Республикалық зерттеу жобалары байқауының қалалық кезеңі 3 дәрежелі Диплом
8. Минжасова Ақбота «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері 3 дәрежелі.
9. Мустафина Аси, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері 3 дәрежелі.
10. Өмірзақ Нұрай, мектепшілік "Көктем аруы" бас жүлде

Жыл бойында сыныпта оқу-тәрбие процесі жоспарлы түрде жүргізілді. Оқушылар түрлі сайыстар мен байқауларға қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Сыныптың білім сапасы бірқалыпты өсіп, оқу жетістіктері тұрақты байқалды.

Тәрбиелік іс-шаралар мен қосымша жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Қаңтар айының соңғы аптасында бастауыш сыныптардың ашық есік күндері өтті. Ата-аналардың балаларының білім деңгейін бақылауы үшін кез- келген сабағына қатысуына мүмкіндік берілді. Сабаққа қатысқан ата-аналар ұстаздар еңбегіне алғыс білдірді. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ата-ананың қадағалауы маңызды орын алатындығын түсініп, ойларын ортаға салды. Сондай-ақ сәуір айында бастауыш бірлестігінің апталығы өтті. Апталықта мектепалды даярлық сыныбында тәрбиешісі Қолшынбаева Қ.Ш. көркем әдебиет пәніне «Мен ғарышкер боламын» тақырыбында ашық сабақ, 2 «А» сыныбында Хайруллина Г.Т. қазақ тілі пәнінен «Сан есім», 3 «А» сыныбында Баядилова М.Ж. әдебиеттік оқу пәнінен «Наурыз», 4 «А» Абдрахманова Ж.Т. А әдебиеттік оқу пәнінен «Армандар орындалады» тақырыптарымен ашық сабақтар өткізді. Ұстаздар тиісті дидактикалық материалдарды, көрнекіліктерді, жаңашыл оқыту әдістерін тиімді қолдана білді. Сабақтарға оқушылар белсене қатысты. Тәжірибе алмасу мақсатында болған апталықтан ұстаздар тиімді әдіс-тәсілдерді біліп, жақсы әсер алғандықтарын айтты. Мектебімізде бастауыш мұғалімдері ақпараттық – коммуникациялық технологияларын меңгерген. Оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологияларын енгізуде қазіргі заманғы білім беру технологияларын тиімді пайдаланады. Күнделікті оқу үрдісіндегі жаңашыл оқыту әдістерін тиімді қолдануы бойынша мектепшілік ашық сабақтар, апталық, әдістемелік отырыстар ұстаздардың тәжірибе алмасуына мүмкіндіктер болды және жақсы нәтиже берді.

Жаратылыстану-математика пәндер бойынша 2025-2026 оқу жылының жылдық қорытынды есебі

2025-2026 оқу жылында жаратылыстану-математика пәндері әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жаратылыстану-математика пәндері әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Пәнді жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесін қолдану арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту».

Мақсаты шығармашылық жұмыспен айналысуға жағдай туғыза отырып, пән мұғалімдерінің сабақ өткізуде кездесетін қиындықтарын практика жүзінде шешу, пәндік материал бойынша берілетін білім сапасын арттыру, пән мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін шыңдау, жаңа технологияларды қолдану бағытын бақылау, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әдістемелік іс-тәжірибе алмасып отыру.

Жаратылыстану-математика пәндері әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Пәнді жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесін қолдану арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту».

Мақсаты шығармашылық жұмыспен айналысуға жағдай туғыза отырып, пән мұғалімдерінің сабақ өткізуде кездесетін қиындықтарын практика жүзінде шешу, пәндік материал бойынша берілетін білім сапасын арттыру, пән мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін шыңдау, жаңа технологияларды қолдану бағытын бақылау, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әдістемелік іс-тәжірибе алмасып отыру.

Жаратылыстану-математика пәндері әдістемелік бірлестігінің құрамы:

Әдістемелік бірлестіктің мүшелер саны: 11 мұғалім

Оның ішінде педагог-зерттеуші: Дүйсенбаева Л.А. Педагог-модератор: Нағашыбай А.Ш., Жамантай Н.Қ., Қайдарова О.Б., Кәкімжан А.Д.

Байкенова Лаззат Егинбаевна – білімі жоғары, Арқалық педагогикалық институтын 1987 жылы физика – математика мамандығы бойынша аяқтаған. Пед. өтілі 31 жыл. Сабақ беретін сыныптары: 5-9 сынып, жүктеме-17 сағат. Әдістемелік тақырыбы: «Математика сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыруда ойын элементтерін пайдалану». Курстан өткен: 12.06-23.06.2023ж. «5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту». 80 сағат. Қостанай қаласы 7«А» сынып оқушылары Шайынғазы Аяжан, Байзақ Жазира, Жалғасбай Інжурайхандар «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған облыстық математика бойынша қашықтық олимпиадасына қатысып, сертификат алды. 8 «А» сынып оқушылары Мұсабаева Арайлым, Өмірзакова Айару, Талас Еркежандар «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған облыстық математика бойынша қашықтық олимпиадасына қатысып, сертификат алды. Ал 8«А» сынып оқушысы Мұсабаева Арайлым облыстық математика бойынша қашықтық олимпиадасында ІІ-орынға ие болып, дипломмен марапатталды. 8«А» сынып оқушысы Елеубай Ұлдана «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды. 9 «А» сынып оқушылары Өмірзақ Нурислам, Мансур Али, Көшкінбай Диана, Минжасова Нурсауделер «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған облыстық математика бойынша қашықтық олимпиадасына қатысып, сертификат алды. Қалалық пән олимпиадасына 8«А» сынып оқушысы Мұсабаева Арайлым мен 6«А» сынып оқушысы Төлеу Гүлнар қатысты.

Музыка пәнінің мұғалімі Қайдарова О.Б -білімі жоғары, АрПИ, санаты- педагог-модератор.

Қалалық «Дала дауысы» ән байқауына Жалғасбай Айша қатысты. «Адал азамат» біртұтас тәрбие жобасы аясында Тәуелсіздік күніне орай «Жұлдыз Life» қала және ауыл мектептері арасында қалалық патриоттық әндер байқауына Жалғасбай Айша қатысқаны үшін мадақтама қағазын алды.

Жамантай Нұрболат Қайратұлы- білімі жоғары, пед өтілі- 8 ж. санаты- педагог-модератор. Әдістемелік тақырыбы: «Дене шынықтыру сабағында жана бағдарламаны пайдалана отырып ойын әдіс-тәсілдері арқылы нәтижеге жету».

Қала және ауыл мектептері арасындағы мектеп лигасында волейбол жарысында

1-орын алып, Қостанайда өткен облыстық мектеп лигасына жолдама алып, Қостанайға барып қайтты.

Биология пәнінің мұғалімі Хамитова Құралай Козыкина- білімі жоғары, АрПИ, биология және география пәнінің мұғалімі. Биология пәнінің мұғалімі Козыкина К.Х. мектебімізде өткен қалалық семинарда 8«А»сыныпта «Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу. Су және құрлық экожүйелерін салыстыру» тақырыбында ашық сабақ берді. Қалалық пән олимпиадасында биология пәнінен 7«А» сынып оқушысы Кадиров Нұрсұлтан 2-орын алды.

Химия пәнінің мұғалімі Әбдрахман Лаура Батырқызы- білімі жоғары, АрПИ, химия пәнінің мұғалімі. Қалалық пән олимпиадасында химия пәнінен 8«А» сынып оқушысы Мусабаева Арайлым 3-орын алды. Химия пәні бойынша қалалық ғылыми жобаға 8«А»сынып оқушысы Талас Еркежан «Дәстүрлі және заманауи сабындардың қасиеттерін смарт жүйе арқылы зерттеу» тақырыбы бойынша жобаға қатысты.

09.02-13.02.2026ж. жаратылыстану-математика пәндер бірлестінің «Цифрлы әлемге-кемел біліммен» атты апталығы болды. Дүйсенбі күні апталықтың ашылуы өтті. 10-ақпан күні 8«А»сыныпта физика пәнінің мұғалімі Хайруллина Г.А. «Электр тогының жұмысы мен қуаты. Джоуль-Ленц заңы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ өте жақсы өтті. Оқытудың жаңа технологияларын пайдалана білді, бірақ сынып оқушылары сабақта белсенділік танытпалы. Үзілістер арасында қызықты ойындар ойнатылды. 5«А»сыныпта музыка пәнінің мұғалімі Қайдарова Оразкүл «Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі» тақырыбында ашық сабақ берді. Сабақта оқушылар домбыра тартып, ән айтты. 8«А»сыныпта биология пәнінің мұғалімі Козыкина К.Х. «Бұлшық ет ұлпаларының құрылысы мен қызметі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабағы өте жақсы өтті, мұғалім өзін жақсы жағынан көрсете білді. Оқушыларда белсене қатысып отырды. Химия пәнінің мұғалімі Ахатова С.Ж. 7-9«А» сыныптар арасында «Сикырлы химия зертханасы» атты зертханалық жұмыстарымен таныстырды. 7«А»сыныпта география пәнінің мұғалімі Мамакова Ұ. «Туған өлкенің визит карточкасы. Өлкетанудың деректер базасын әзірлеу» тақырыбында ашық сабақ көрсетті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жамантай Н.Қ. 7-9 «А» сыныптар арасында волейболдан жарыс өткізді. 9 «А»сыныпта қыздар тобына көркем еңбек пәнінің мұғалімі Нағашыбай Айкүнім «Бұйымдарды жасау. Бөлшектерді пішу» атты ашық сабақ берді. Математика

пәнінің мұғалімі Байкенова Л.Е. 7-9 сыныптар арасында «AQYL BATTLE» жарыс өткізді. Оқушылар белсене ат салысты. 13 ақпан күні апталықтың жабылуы болды.

Ұсыныс:

1. Оқушыларды сыныптан іс шараларға тарту;
2. Оқушыларды олимпиадаларға, ғылыми жобаларға дайындау;
3. Пән мұғалімдері өз білімдерін одан әрі жетілдіру мақсатында жұмыстар жасау;

Гуманитарлық пәндер бойынша 2025-2026 оқу жылының жылдық қорытынды есебі

ГБ әдістемелік пән бірлестігінің зерттеу- ізденушілік тақырыбы:

«Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстың алуан түрлерін сабақ үдерісінде қолдану»

Мақсаты:

Жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқыту үшін бағалау түрлерін сабақ үдерісінде қолдану арқылы мұғалімнің интеллектуалдық кәсіби келбетін қалыптастыру, өзін-өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмек көрсету

Міндеттері:

1. Ұстаздар ұжымының ҚГБ әдістемелік пән бірлестігінің мақсатын, негізгі бағыты мен міндеттерін айқындай отырып жұмыс істеуі;
2. ҚР Білім туралы заңын жүзеге асыру;
3. ҚР жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беру;
4. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін ашу үшін жағдай жасау;
5. Жоспарланған бірлестік отырыстарында қорытынды жасап отыру;
6. Өткізілген әр ашық сабақтардың түрлерінің құрылымын, қойылатын дидактикалық талаптарды және оның дамытушылық мәнін әдістемелік қызмет тәңірегінде талқылап отыру;
7. Ұстаздардың өзіндік ізденісіне, теориялық әдістемелік тұрғыдан жетілуіне басты назар аудару.

ГБ әдістемелік пән бірлестігінің мүшелік құрамы:

2025 - 2026 оқу жылына бастап мектепте ГБ пән бірлестігінің құрамында 5 мұғалім жұмыс істеді.

6 педагог кадр да жоғары білімді, оның ішінде санатына тоқталсақ 2 мұғалім санатсыз, 2 мұғалім «педагог - эксперт» және 2 мұғалім «педагог модератор» Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері – Исмагулова С.К; Дабайхан Д.Д; Жанғожиева С.С., Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері – Исмагулова С.К; Сейтқожина А. С., Шет тілі пән мұғалімі - Махатова Л.Б., Тарих пәні мұғалімі - Серікбаева Т.А.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың бір түрі – мұғалімдердің кәсіптік категориясын көтеру

Қыркүйектің 5 күні мектебімізде Қазақстан Республикасы халқының Тілдер мерекесіне арналған апталық өтті. Мақсаты: Тіл- ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, оқушыларды елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен түрлі мектепшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. «Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі» атты апталықтың ашылу салтанаты.

Мектебіміздің бірінші қабатында кітапханашы Жусупова З.С. ұйымдастыруымен «Тіл- татулық тірегі» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды кітап оқуға баулу, үш тілді терең меңгеруге жетелеу.

«Үш тілдің патшалығы» «Үштілділік – заман талабы» атты тақырыпта 13 қазан күні гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы басталды. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 13-17 қазан күндеріне іс-шаралар жоспарланды. Әр сынып апталықтың жоспарымен таныстырылды.

Апталықтың мақсаты: Мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби шеберлігін, құзырлылығын және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін арттыру, талантты оқушыларды айқындау, Жауапкершілікке, ұжымдылыққа тәрбиелеу; адамгершілікпен эстетикалық қатынасқа көңіл бөлу.

13 қазан күні гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығына орай мектебімізде "Тарихи тұлғалар — ұлт мақтанышы" тақырыбына стенд ұйымдастырылды.

13.10.25 күні қазақ тіл және қазақ әдебиеті пән мұғалімі Исмагулова С.К 7 «А» сыныбында "Қазтуғанның қонысымен қоштасуы" толғауы бойынша ашық сабақ өткізді.

14.10.25 күні тарих пән мұғалімі Серикбаева Т.А. 5 «а» сыныбында «Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

15.10.25 күні ағылшын пәні мұғалімі Махатова Л.Б «Flags of the world» тақырыбында 5 «а» сыныбы мен ашық сабақ өткізді. Сабақ жақсы өтті. Оқушылар белсенділік танытты. Үй тапсырмасына да жақсы дайындалып келген. Сонымен қатар сабақта көрнекілік құралдарды тиімді пайдалана білді. Оқушылар топпен, жеке жұмыс жасай отырып, өз ойларын ашық айта білді. Оқушылар өз білімдерін өздері бағалады. Сабақтың талдауы бойынша айтылған ұсыныс – уақытты үнімдеп пайдалану. Ашық сабаққа пән мұғалімдері қатысып, сабақ жөнінде өз пікірлерін білдірді.

Аптаның ортасында ашық сабақты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Д.Д. Дабейхан 8 «А» сыныбымен өткізді. «Шалкиіз жырау өмірі мен шығармашылығы» деп аталатын бұл тақырыпты оқушылар толықтай түсініп, жақсы игеріп алды. Оған дәлел барлық сыныптың қойылған қорытынды сұрақтарға жылдам әрі қатесіз жауап беруі болды.

16.10.25 күні орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.С. Сейтқожина М. Аuezov «Сирота» тақырыбында 8 «А» сыныбымен ашық сабақ өткізді. Жекелей, топпен жұмыс түрлерін көрсетті. Тақтамен жұмыс түрі, карточкамен жұмыс түрі көрсетілді. Сабақты қорытындылау барысында ашық сабаққа қатысқан пән мұғалімдері оң бағасын берді. Кеткен кемшіліктер ескеріліп, ұсыныстар айтылды.

Апталықтың соңғы күндерін қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті бойынша «Тәуелсіз Қазақстан балалар көзімен» атты балалар шығармашылық мектепшілік конкурсына қатысты

Апталықтың жабылу салтанатында ашық сабақтарға белсенді қатысқан және үздік өлең оқыған, танымдық байқауға қатысқан мектеп оқушылары мадақтау қағазы мен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DU3Ba09Cpfy/?igsh=MTNpbjR4dGE2YTcyMQ>—

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы жоспарланған мақсаттарына жетіп, міндеттерін толық атқарды.

Ұстаным: «Бұл дәуірде тілді, мәдениетті, әдебиетті және тарихты білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» Мұхтар Әуезов

Қазақ тілі мен әдебиет пәндері бойынша оқушылардың үлгірім сапасы көрсеткіштері.

Пән мұғалімі: Исмагулова С.К; Жанғожиева.С.С

6 «А» сыныбында 8 оқушы бар. Сынып бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен білім сапасы I тоқсанда қазақ тілінен 44%, қазақ әдебиетінен 55% білім сапасына ие болса, IV тоқсан мен жылдық қорытынды бойынша қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен де 50% болды. Бұл білім сапасының оқу жылының соңында жоғарылағанын көрсетеді. Қазақ әдебиеті пәнінің сапа көрсеткішінің сәл төмендеуіне Мұханбетжан А қалаға көшуіне байланысты басқа мектепке ауысуы себеп болды.

7 «А» сыныбында қазақ әдебиеті пәнінен оқу жылы басында 50% болса, жыл соңында 71% артты. Мизам М. III-IV тоқсандарда пәнге ерекше мән беріп, екпінділер қатарына ілінді. Сыныпта 7 оқушы бар. Оқушылардың пәнге қызығушылықтары жақсы деп айтуға болады. 2 оқушы ғана орташа деңгейде оқиды. Үй тапсырмасын оқушылар күнделікті орындайды, сабақта белсенділік танытады.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері Мақсаты-пән бойынша қажырлы, жүйелі жұмыс барысында оқушыларда жалпы және нақты ақыл-ой әрекеттерінің әдістерін қалыптастыру. Сабақтан тыс жұмыс жүйесін, оқушыларға қосымша білім беру жүйесін құру, сыныптан тыс жұмыстардың топтық және жеке түрлерін дамыту, жаңа ақпаратқа деген қажеттілікті қанағаттандыру (ауқымды ақпарат), тақырыпқа деген терең, тұрақты қызығушылықты қалыптастыру, оқушылардың ой-өрісін, қызығушылығын кеңейту, оқушылардың зейінін, логикалық ойлауын, дәлдігін, өзін-өзі тексеру дағдыларын дамыту, уәжі төмен оқушылардың белсенділігін арттыру. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері: Қазіргі кезде оқушыларды толық, жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдайлар жасалған деп айта аламыз. Алайда «бес саусақ бірдей емес».

Оқушылардың физиологиялық, психологиялық тұрғыдан даму деңгейлері, отбасылық жағдайлары, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі т.б. әртүрлі дәрежеде. Әрине, әр ата-ана өз баласының қатарынан кем қалмауына барынша көңіл қойып, қолынан келгендерін аямайды. Дегенмен оқушылардың арасында түрлі дәрежедегі артта қалушылықтың белгілері байқалып, сабақ үлгерімі төмен деңгейде қалып қоятын оқушылар жоқ емес. Бұндай жағдайда қол қусырып қарап отырмай, оның алдын алу қажеттігі анық. Сонау XII ғасырдың өзінде Жүсіп Баласағұн «Әр бала жұлдыз, оның жарқырауына көмек ет», - деген екен. Психологтардың айтуы бойынша қабілетсіз оқушы болмайды. Ендеше сыныптағы сабақ үлгерімі төмен деп саналатын оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы белгілі дәрежедегі нәтижеге қол жеткізуге болады.

Үлгерімі төмен оқушыларды байқаған бетте, ең алдымен, дер кезінде оның себебін анықтау өте маңызды. Өйткені, өзімізге мәлім болғандай, адам бойында түрлі науқастар пайда бола қалса да, ең алдымен оның пайда болу себебін анықтайтыны

белгілі. Себебін білмей тұрып, оған дұрыс ем де қолданылмайды. Міне осы себепті, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің педагогика-психология ғылымында өзіндік қалыптасқан жүйесі бар. Сол жүйемен жұмыс жүргізу оң нәтиже береді.

Математика пәнінің мұғалімі Байкенова Ләззат Егінбаевна үлгерімі төмен оқушылармен түрлі жұмыстар жүргізіліп отырады. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың мақсаты балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу болып табылады. Үлгерімі төмен оқушылардың оқуға, формула жазу, формула бойынша орнына қою, көбейту өлшем бірліктерді түрлендіруоны ретімен жазуға қабілеттерін арттыру, оқу сапасын көтеру, пәнге деген қызығушылығын арттыру, зертханалық жұмысты орындау, әріптің дұрыс жазып, оқуын қалыптастыру.

6«А» сыныпта 8 оқушы бар. Сыныпта 1 үздік (Төлеу Гүлнар), 3 екпінді (Мизам Бақнұр, Шиебаев Ілияс, Искаков Сұлтан) бар. Сыныптағы Ахмет Нурислам, Минжасов Жантөре, Нұрсали Нұрғали, Қалдыбай Жансельдер математикадан білімдері төмен, өйткені бұл оқушылар бастауыш сынып материалдарын толық меңгермеген. Көбейту кестелерін толық білмейді, сондықтан қарапайым есептерді де шеше алмайды. Сыныптың білім сапасы -50%.

7«А» сыныпта 7 оқушы бар. Сыныпта сыныпта үлгерімі төмен оқушылар Молдахметова Әйгерім, Кенжеғара Сайран, Мизам Мансур. Бұл оқушылармен үнемі жеке жұмыстар жүргізіліп отырды. Сыныптың білім сапасы -57%.

8 «А» сыныпта 10 оқушы бар. Сыныптағы үлгерімі төмен оқушылар: Бақытбекұлы Ерасыл, Құндақ Нурислам, Садық Ақжол, Утебай Қайсар, Ермуханбетов Жанатбек. Бұл оқушыларда өрнектің мәнін табу, өрнекті ықшамдау, қарапайым теңдеулерді шығара алмайды. Сондықтан бұл оқушыларға сабақ барысында жеке тапсырмалар беріледі. Қосымша жұмыстар жүргізіліп отырды. Сыныптың білім сапасы -50%.

9 «А» сыныпта 13 оқушы бар. Сыныпта үздік- жоқ, 7 оқушы екпінді : Мыңжас Бек, Мансур Али, Минжасова Нурсәуле, Төленді Нұрқуаныш, Умирзақ Нурислам, Көпкінбай Диана, Байзақ Даулет. Үлгерімі нашар оқушылар Құндақ Нұрдаулет, Жексенбай Нұрсұлтан, Мирасбекқызы Жанель, Мұратбек Думан, Муханбетжанов Ерсұлтан, Салауат Ержандардың математикалық сауаттылығы өте төмен. Өз ойларын толық жеткізе алмайды, тіпті жазу каллиграфиялары да нашар. Сабақ кезінде жеңіл тапсырмалар, тест жұмыстары беріліп отырды. Білім сапасы- 53%.

Өздігінен жұмыс істеу барысында қателерін түзетуге оқушылармен жыл бойы жұмыс жасалып отырады. Өздігінен жұмыс істеуде қателерін түзетуге жеңіл тест, кесте түрінде тапсырмалар беру керек. Күш салып орындаған жұмыстарының дұрыс жерін айтып, мақтау сөздер айтылып отырады.

Пән бойынша үлгерімі төмен оқушылардың білімін дамыту сабақ үлгерімін жақсартуда өз бетінше жұмыс істеуге әдеттендіремін. Үлгерімі төмен оқушыларда дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін ең алдымен ең оңай қызықты материал дайындаймын.

Ұсыныс:

1. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру арқылы өздігінен жұмыс істеу жасауына ықпал ету;
2. Үлгерімі төмен оқушылардың ата аналарымен тығыз қарым қатынаста болу;
3. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру барысында сабақты қызықты өткізу;
4. Сабақта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану;

2025-2026 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріі бойынша 6 «А», 7 «А», 9 «А» сыныптарына сабақ бердім. Жекелей тоқтала кетсем, 6 «А» сыныбында I тоқсанда 9 оқушы болды. Қазақ тілі пәні бойынша-44% , ал қазақ әдебиетінен 55% көрсеткішке ие болды. Ал II тоқсанда бұл сыныпта Мұханбетжанова Аяудымның қоныс аударып, басқа мектепке көшуіне байланысты 8 оқушы болып, қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен 50% білім сапасын көрсетті. Бұл жерден қазақ тілі пәнінен білім сапасының өскендігін аңғаруға болады. III, IV тоқсандарда білім сапасы тұрақты түрде 50% ие болды.

7 «А» сыныбында оқу жылының басында 8 оқушы болды. Бұл сыныпқа тек қазақ әдебиетінен сабақ беремін. Сынып I тоқсанда 50% көрсеткішке ие болса, II тоқсанда 62% білім сапасына ие болды. Білім сапасының өсуіне Мұратұлы Темирланның басқа мектепке ауысуы әсер етті. III, IV тоқсандарда білім сапасы тұрақты түрде 71,4 % көтерілді. Оған Мизам Мансұрдың екпінді қатарына ілігуі себеп болды.

9 «А» сыныбында 13 оқушы бар. Бұл сынып қазақ тілінен I тоқсанда қазақ тілінен 46%, қазақ әдебиетінен 54% білім сапасын көрсетті. II тоқсанда екі пәннен де 61% көтерілді. Бұл тоқсанда Байзақ Дәулет сабаққа жауапкершілікпен қарап, қосымша сабақтарға катысып, екпінді қатарына қосылды. Осы білім сапасы III, IV тоқсандарда сақталды.

Қорытындылай келсек, барлық сыныптарда пән бойынша білім сапасының көтерілгендігін көруімізге болады. Бұған оқу жылының басында құрылған кесте бойынша жұмыс жасаудың ықпалы көп болды.

2 «А», 3 «А», 4 «А» сыныптарына орыс тілі пәнінен, 5 «А», 7 «А» сыныптарына орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беремін. 2 «А» сыныбы I тоқсанда 50 % , қалған тоқсандарда 62% білім сапасын көрсетті. Ал 3 «А» сыныбы оқу жылы басында 57% сапа көрсетсе, оқу жылының соңында 71% көтерілді. Оған Жалғасбай Бақнұрдың екпінді қатарына қосылуы себеп болды. 4 «А» сыныбында барлық тоқсанда білім сапасы тұрақты түрде 71% көрсетті. Жалпы бастауыш сыныптарда ата-ана оқушы сабағына қадағалап отырады, үй тапсырмасын орындауына да көңіл бөледі. 5 «А»

сыныбында 7 оқушы бар. Білім сапасы барлық тоқсанда тұрақты түрде 57 % сапаны көрсетті. 7 «А» сыныбынды I тоқсанда 8 оқушы болды. Білім сапасы 50 % көрсетті. II тоқсанда 62% көтерілді. Мизам Мансұр екпінді қатарына қосылуы білім сапасының өсуіне әсер етті. III, IV тоқсандарда сынып оқушылары 71,4 білім сапасын көрсетті. Мұратұлы Темирлан басқа мектепке ауысу салдарынан сыныпта 7 оқушы қалып, білім сапасының артуына әсер етті.

Алдағы оқу жылында білім сапасының түспей сақталуына жұмыс жасалады. Білім сапасын арттыру жолында жоспарлар құрылып, қосымша жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

2025–2026 оқу жылында шет тілі пәні бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жоспарлы түрде жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың білім деңгейін көтеру, пәнге деген қызығушылығын арттыру және оқу бағдарламасын меңгеруге қолдау көрсету болды.

Оқу жылының басында диагностикалық бақылау жұмыстары жүргізіліп, пән бойынша білімінде олқылықтары бар оқушылар анықталды. Анықталған оқушылармен жеке және топтық түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Жыл бойы төмен үлгерімді оқушылармен:

- қосымша сабақтар өткізілді;
- жеңілдетілген және сараланған тапсырмалар берілді;
- жаңа сөздерді меңгерту және сөздік қорын дамыту жұмыстары жүргізілді;
- оқу, жазу, тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар орындалды;
- грамматикалық тақырыптарды қайталау және бекіту жұмыстары ұйымдастырылды.

Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі ойын элементтері, көрнекіліктер, цифрлық ресурстар мен интерактивті әдістер қолданылды. Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттыруға және өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

3-4 «А» сынып оқушылары ағылшын пәні бойынша "Funny English" облыстық қашақтық олимпиадасына қатысып сертификаттар табысталды. Жетекшісі: Махатова Л.Б. https://www.instagram.com/p/DXG6d3OCu9I/?img_index=2&igsh=MWdudDlhZDJ5dnlycw=

Сонымен қатар ата-аналармен байланыс жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың үй тапсырмаларын орындауы мен оқу тәртібі бақылауға алынды. Оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді жою мақсатында жүйелі кері байланыс беріліп отырды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде кейбір оқушылардың:

- пәнге деген қызығушылығы артты;
- сөздік қоры толықты;
- оқу және жазу дағдылары жақсарды;
- сабаққа қатысу белсенділігі көтерілді.

Дегенмен кейбір оқушыларда оқу мотивациясының төмендігі, сөздік қордың аздығы және өздігінен жұмыс жасау дағдыларының жеткіліксіздігі байқалды.

Алдағы уақытта:

- жеке жұмыстарды күшейту;
- сараланған тапсырмаларды көбірек қолдану;
- ата-анамен байланысты нығайту;
- оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыратын әдістерді жүйелі қолдану жоспарлануда.

Қорытындылай келе, оқу жылы барысында үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстар олардың білім деңгейін көтеруге және шет тілі пәнін меңгеруіне белгілі бір деңгейде оң ықпалын тигізді.

Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу-қазіргі білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. “Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді” деп ұлы ойшыл Әл-Фараби айтқандай, қазіргі уақытта білім саласындағы жаңа өзгерістер-ұстаздан асқан жауапкершілік пен өз ісіне деген жауапкершілікті, шеберлікті талап етеді. Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты-пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту, оқушының сабаққа белсенділігін арттыруда даму деңгейін және танымдық белсенділігін арттыра оқыту. Міндеті: жекеленген пәндерден баланың дарындылығын анықтау, шығармашылық жеке дарындылығын арттыру, қабілетті баламен жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім мен ой-өрісін әрі қарай дамыта отырып, білім сапасын арттыру. Дарынды балаларды даярлауда ұстаздың еңбегі орасан зор. Үнемі жаңашылдықпен ілгері ұмтылатын, жан-жақты ізденімпаз, жаңа заман талабына сай жаңа ақпараттық технологияларды еркін меңгеретін, алдағы өмір жолын айқын болжай алатын дарынды тұлға тәрбиелеу- шығармашыл ұстаздардың қолында. Ұстаз алдындағы бала-жеке тұлға болып табылады. Сондықтан әрбір оқушының жас ерекшелігін, қабілетін анықтау, оны одан әрі дамыту үздіксіз еңбекті қажет етеді. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудағы басты міндет- оқушылардың қабілеттерін жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау, айқындау болып табылады. Дарынды балааларды анықтау- ол дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін болмай отыр. Өйткені дарынды баланы тәрбие мен оқыту барысында ақырындап, сатылап анықтағанымыз жөн. Ең бірінші баланың даму ерекшелігіне өте қатты мән беру керек. Сонан соң баланың ата-анасымен тығыз қарым-қатынас жасап, ол баланың не нәрсеге бейім екенін анықтап, үйде көбірек қадағалау қажет екенін ескерткен дұрыс. Сонымен қатар дарынды балаларға сабақта әр түрлі қызықты ойындар, логикалық есептер, жаттығулар қолданудың мәні

зор. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби бейнесі мына қасиеттерден тұрады: білімпаздық, жоғары кәсіби біліктілігі, өздігінен білім жетілдіруге ұмтылысы, ғылыми жұмыстарға жоғары қабілеті. Дарынды оқушымен жұмыс кезінде мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар: оқушының ғылыми жұмыстармен айналысуына жетекшілік ету, дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға қатыстыруда жоғары нәтижеге қол жеткізуіне ықпал ету, дарынды оқушыны даярлауда жаңа бағдарлама құрастыра отырып, сол бағдарламамен тұрақты жұмыс жүргізуі. Мектеп олимпиадасы-бұл білімді тереңдету, оқушылар мен мұғалімдердің білім деңгейіне деген ынтасы мен жауапкершілігін қалыптастыру және барлық оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, білім берудің барлық нысандарының жұмысын қорытындылау арқылы құрылатын жаңа білім беру кеністігі болып табылады.

Дарынды балалармен жұмыс істеуде нені ескеру керек?

- Баланың пәнге қызығушылығын, білуге құштарлығын нақты анықтау.
- Балаға тапсырманы деңгейлеп беріп, зейінін тұрақтандыру қажет.
- Баланың бір қалыпты, жүйелі жұмыс жасауына көңіл бөлу.
- Бала қызығушылығына қолдау жасау, орынды кеңес бере білудің маңызы зор.
- Дарынды баланың күнделікті сабақта алған білімі мен іскерлігін үнемі назарда ұстау.

-Шығармашылық ізденісін шыңдау бағытында қандай қосымша әдебиеттер пайдалану қажеттігіне кеңес беріп отыру.

Талантты және дарынды, қабілетті балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды және талантты, қабілетті адам қоғамға көбірек пайда әкеледі.

Оқу жылының басында математика пәнінің мұғалімі Байкенова Л.Е. математика пәні бойынша дарынды оқушылармен жұмыстың жоспары құрылып, бекітілді. Сол жоспар бойынша әр сыныптағы үздік және екпінді оқушылармен жұмыстар жүргізілді. 6«А» сыныпта Төлеу Гүлнарға сабақтан тыс жеке тапсырмалар беріледі. Қосымша сабақта сөзжұмбақтар, сиқырлы квадраттар, логикалық есептер шешуді үйренеді. Сонымен қатар мектепшілік және қалалық іс-шараларға қатысады. Төлеу Гүлнар республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде белсенділік танытқаны үшін грамотамен марапатталды.

«Қостанай дарыны» өңірлік оқу әдістемелік орталығы ұйымдастырған математика бойынша қашықтық олимпиадасына 7«А» сынып оқушылары Шайынғазы Аяжан, Байзақ Жазира, 9«А» сынып оқушылары Мансур Али, Умирзақ Нурислам, 8«А» сынып оқушылары Мусабаева Арайлым, Өмірзақова Айару, Елеубай Ұлданалар қатысып, сертификат алды. Ал 8«А» сынып оқушысы Мусабаева Арайлым математика бойынша қашықтық олимпиадасында II- орын алды.

6«А» сынып оқушысы Төлеу Гүлнар, 8«А» сынып оқушысы Мұсабаева Арайлымдар қалалық математика олимпиадасына қатысты.

Сонымен қатар бұл оқушылар мектепшілік іс-шараларға, апталықтарға белсене қатысады.

Қорыта келе, дарынды балалардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарау, олардың өздеріне деген сенімін арттыру, ата-ана мен оқушы және ұстаз байланысын жоғары ұстап шығармашылықпен жұмыс істеген жөн. Әрбір ұстаз осындай дарынды оқушыларды жетілдіріп, дамыта алса, ондай балалар біздің Қазақстанымыздың гүлденуіне зор үлес қосады деген сенім мол.

Ұсыныс:

1. Дарынды оқушылармен жұмыстарды жандандыру;
2. Дарынды оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу арқылы олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

2025–2026 оқу жылында ағылшын тілі пәні бойынша дарынды оқушылармен жұмыс жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың тілдік қабілеттерін дамыту, ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық және интеллектуалдық мүмкіндіктерін жетілдіру болды. Оқу жылының басында дарынды оқушыларды анықтау мақсатында бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, ауызша сұрақ-жауап, шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылды. Нәтижесінде ағылшын тілін меңгеруге қызығушылығы жоғары, белсенді оқушылар іріктеліп алынды.

Дарынды оқушылармен жұмыс барысында:

- деңгейлік және күрделендірілген тапсырмалар берілді;
- мәтінмен жұмыс, эссе жазу, диалог және монолог құрастыру жұмыстары жүргізілді;
- ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға көңіл бөлінді;
- сөздік қорын молайту және грамматикалық сауаттылығын арттыру жұмыстары ұйымдастырылды;
- түрлі сайыстар мен пәндік іс-шараларға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Сабақ барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында заманауи әдіс-тәсілдер, ойын элементтері, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және цифрлық платформалар тиімді қолданылды. Оқушылар топтық және жұптық жұмыстарда белсенділік танытып, өз ойларын ағылшын тілінде еркін жеткізе білді. Оқу жылы барысында өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларда дарынды оқушылар белсенді қатысып, жақсы нәтижелер көрсетті. 4-сыныпта өткізілген “Gadgets and Inventions” тақырыбындағы қалалық ашық сабақта оқушылар ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын көрсетіп, тапсырмаларды жоғары деңгейде орындады. <https://www.instagram.com/reel/DYOUau1KONo/?igsh=MXR2aWN3NHptZmszdQ>

3-4 «А» сынып оқушылары ағылшын пәні бойынша "Funny English" облыстық қашақтық олимпиадасына қатысып сертификаттар табысталды. Жетекшісі: Махатова Л.Б. https://www.instagram.com/p/DXG6d3OCu9I/?img_index=2&igsh=MWdudDlhZDJ5dnlycw=

"Қостанай дарыны" өнерлік оқу әдістемелік орталығы 5-9 сынып оқушылар аралығында ағылшын пәні бойынша «Around the world» елтану бойынша облыстық қашықтық олимпиадасына қатысып 5-6 сынып оқушылары: Елеубай Жанат, Аманғали Арлан және Төлеу Гүлнар I орынға иеленіп, дипломдары табысталды. Жетекшісі: Махатова Л.Б.

https://www.instagram.com/p/DXG73AWCuKx/?img_index=2&igsh=Y2tkenI3bTlyb2s3

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- оқушылардың ағылшын тіліне қызығушылығы артты;
- сөйлеу және жазу дағдылары жақсарды;
- шығармашылық белсенділігі мен өздігінен іздену қабілеті дамыды;
- пән бойынша білім сапасының тұрақты өсуіне ықпал жасалды.

Алдағы уақытта дарынды оқушылармен жұмысты жалғастырып, олардың қабілеттерін одан әрі дамытуға бағытталған жана технологиялар мен тиімді әдістерді қолдану жоспарлануда.

«Адамды бір нәрсеге үйретіп қажеті жоқ, бар болғаны оған өзіне керекті жаңалықты ашуға көмек беру қажет»

Г. Галилей

Ел Президенті өз жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының өрісі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады», - деп атап көрсетілгендей, өз ұрпағының жауапты да, жігерлі болып, өрісі биік жеткіншекті тәрбиелеуде мұғалімнің жаңаша ойлау түрін педагогикалық ғылыми тұрғыда ұйымдастырғанда ғана қол жетеді. Бұл міндетке дарынды балаларды таңдау және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу де қосылады.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдің қай-қайсысы болсын, негізінде оқушылардың сана-сезімін, ақыл-ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан, олардың да дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыру қажет. Бұл ұстаз-парызы.

3 «А» сынып жетекшісі Баядилова М.Ж. Әдістемелік тақырыбы: «Тиімді қарым-қатынас күзиреттілігін дамыту арқылы оқушылардың оқу-тәрбие нәтижесін, сөйлеу тілдерінің дамуын жақсарту» Мақсат: Білім алушының бойына жаңартылған оқу бағдарламаларында көзделген құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру. Сыныпта 7 оқушы бар. Оның 4-і ұл, 3-і қыз бала. Сыныптағы оқушылардың берілген білімді қабылдау деңгейлері байқалғаннан кейін үлгірімі төмен және дарынды оқушыларға арналған оқыту жұмыс жоспары жасалды. Жоспарға сай Төлеу Ерасыл, Искаков Алиханның өзіндік жұмыс жасау және шығармашылық қабілеттерін дамыту

мақсатында жыл бойы аптасына бір күн бейсенбіде қосымша сабақтар жүргізіліп, жұмыстар жасалады. Нәтижесінде Искаков Алихан жақсы білім деңгейін көрсетіп, оқу жылын екпінді болып аяқтады. Төлеу Ерасылдың тоқсандық бағалары талпыныстары мен ынталарының нәтижесінде өте жақсы бағаға көтерілді. Алдағы уақытта да бұл оқушылар үздіктер қатарынан көрінетініне сенімдімін. Дарынды оқушылармен жыл бойы жұмыс жүргізе отырып, дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштауға, оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік білім стандартын меңгерту мақсатындағы жасалған жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың бойынан оқу бағдарламасына сай білімді өз дәрежесінде меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыруға мүмкіндігі қалыптасқан тұлға қалыптасып келеді.

2025 ж «Дарын» атты Республикалық онлайн байқауға қатысып Искаков Алихан, Төлеу Ерасыл қатысып, II-дәрежелі дипломмен марапатталды.

2025 ж «БАСТАУ» математикалық онлайн байқауына қатысып I -дәрежелі дипломмен Искаков Алихан марапатталды.

2025 ж «БАСТАУ» математикалық онлайн байқауына қатысып Төлеу Ерасыл II -дәрежелі дипломмен марапатталды.

2025ж «Ақбота» Республикалық онлайн байқауға қатысып Төлеу Ерасыл сертификат алды.

2025–2026 оқу жылы барысында бастауыш сынып оқушылары арасында дарынды балалармен жүргізілген жұмыстар, олардың қабілеттерін ашу, шығармашылық дарынын дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Оқушылардың дарындылығы мен әлеуетін нығайтуға бағытталған іс-шаралар жоспары құрылды.

Сыныпта 3 дарынды оқушы анықталған. Нұрсали Олжас, Ахмет Еркебұлан, Өмірзақ Нұрай

Аталған оқушылардың қабілеттерін дамыту мақсатында жүйелі түрде қосымша жұмыстар жүргізілді

Оқу жылының басында дарынды оқушылармен жұмыс істеу жоспары жасалып, оларға арналған негізгі бағыттар:

- Жеке және топтық жобалар
- Конкурстар мен шығармашылық байқаулар
- Пәндік апталықтар мен іс-шаралар
- Қосымша сабақтар мен ашық сабақтар, қалалық семинар ашық сабаққа қатысты.

Бастауыш сынып оқушыларымен жаратылыстану, математика, әдебиет секілді пәндер бойынша шағын жобалар жүзеге асырылды. Оқушылар өз идеяларын көрсету, тәжірибе жасау арқылы шеберліктерін дамытты.

Оқушылар мектепаралық және қалалық конкурстар мен олимпиадаларға қатысты.

Мысалы, математика бойынша математикалық турнирлер мен шығармашылық сайыстарда жүдделі орындарға ие болды.

Бастауыш сыныптарда бастауыш апталығы өтті. Бұл апталықта әртүрлі ойындар, викториналар ұйымдастырылды.

Оқушылардың оқу үлгерімі мен қабілеттерінің дамығаны байқалды. Мәселен, олардың пәндік білім деңгейі көтерілді, шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы сенімділігі артты.

1. Ахмет Ерекбұлан, Өмірзақ Нұрай «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы Дарын республикалық ғылыми-практикалық орталығы 07.11.25 II-дәрежелі Диплом.
 2. Ахмет Ерекбұлан 2-4 сынып оқушыларына арналған Республикалық «Бастау» математикалық турнирінің қалалық кезең 17.01.25 II дәрежелі Диплом
 3. Өмірзақ Нұрай "Дарынды бала" Республикалық қазақ тілі пәні бойынша 17.10.25 I дәрежелі Диплом
 4. Ахмет Ерекбұлан "Дарынды бала" Республикалық қазақ тілі пәні бойынша 17.10.25 I дәрежелі Диплом
 5. Өмірзақ Нұрай 2-7 сынып оқушыларына арналған "Зерде" Республикалық зерттеу жобалары байқауының қалалық кезеңі 3 дәрежелі Диплом
- Ата-аналарға оқушылардың жетістіктері мен қатысқан конкурстары туралы ақпарат берілді. Ата-аналармен бірлескен іс-шараларда балалардың дамуына көмектесу туралы ұсыныстар айтылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бастауыш сыныптағы дарынды оқушылардың оқу деңгейі мен қабілеттері артты. Дарынды балалардың мектептегі белсенділігі мен ынтасы басым болды.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылы дарынды бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар нәтижелі болды. Олардың қабілеттерін дамытуда ынтымақтастықтың маңызы зор.

Алдағы оқу жылында да дарынды балалармен жұмыстарды жалғастыра отырып, жаңа тәсілдер мен әдіс-тәсілдерді енгізу қажет.

Дарынды балалармен жұмысты одан әрі дамытудың бағыттары мен идеясын кеңейтіп, әр оқушының дарындылығын одан әрі ашуға мүмкіндік жасайтын боламыз.

«Дарындылық» термині «дарын» сөзінен шыққан, адамның ерекше қолайлы ішкі алғы шарты дегенді білдіреді. Дарындылық білім беру, тәрбиелеу жұмысының әсерінен ғана емес, балалардың өз күштерін жүзеге асыру кезінде ғана дамиды.

Мектебімізде қазақ тілі пәні бойынша дарынды оқушылар жоқ емес. Мен қазақ тілі және әдебиеті пәнінен 6 «а», 7 «а», 9 «а» сыныптарына сабақ беремін. 6 «А» сынып оқушысы Төлеу Гүлнар дарынды оқушы қатарына жатады. Оқушы алғыр, берілген тапсырманы сыныптастарынан бұрын орындайды, эссе жазу шеберлігі де жоғары. Оқушы сабаққа үнемі дайындалып келеді, сөз саптау шеберлігі де ұшқыр. Бұл оқушыға әр сабақта күрделенген қосымша тапсырмалар беріліп отырылады. Мұсабаева Арайлым сабақты жақсы оқумен қатар, сыныптан тыс іс-шараларға да белсене араласатын қалалық сайыстарға қатысып, марапаттарға ие болып жүр. Қалалық эссе байқауларына да қатысып, Өзбекәлі Жәнібековке арналған байқауда жүлделі II орынды жеңіп алды. Қалалық «Абай оқулары» байқауынан III

орынды жеңіп алды. 9 «а» сыныбында 13 оқушы бар. Бұл сыныпта дарынды оқушы жоқ, үлгірімдері орташа. Ал орыс тілінде оқитын сыныптарда жақсы оқитын оқушылар болғанымен, дарындылығымен көзге түсетін оқушы жоқ.

Сабақта түрлі тақырыптарда әңгіме, пікірталас өткізіліп, алған әсерлері бойынша шығарма жазу, ауызша және жазбаша түрде өз ойын еркін жеткізе білу тапсырмалары да дарынды оқушылардың ой-өрісі мен ойлау қабілеттерін арттыра түседі. Сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылыққа жетелеу мақсатында үнемі үйге эссе, ойтолғау жазу жұмыстары беріліп отырылады.

Сонымен, дарынды дегеніміз-адамзат баласының басқаларға карағанда ерекше ойлау, талдау, еске сақтау қабілеті бар шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбекқор адамдарда /оқушыларда/ кездесетін қасиетті айтамыз. Алдағы уақытта оқушы дарындылығын уақытында ұштап, шығармашылық қабілеттерін арттыру жолында талмай еңбек етуіміз қажет.

ЕБҚ оқушылармен жылдық жұмыстың есебі

2025-2026 оқу жылында №8 негізгі мектебінде қалалық ПМПК қорытындысы бойынша 6 оқушы ЕБҚ ететін оқушылар тізіміне енгізілді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың табысты оқуы үшін мектеп олардың жеке ерекшеліктеріне қарай барлық қажетті оқу жағдайларына мүмкіндік жасап отыр. Сапалы білім беру мақсатында білім алушының қажеттілігіне қарай білім мазмұнын бейімдеу арқылы оқу процесінің формасын ұйымдастыру басты назарға алынып отыр.

Білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушылар туралы мәліметтер:

Жасы	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Диагнозы	Сыныбы, оқытылу тілі
13	Мансұр Али	29.01.2011	Тұтығудың жеңіл дәрежесі	9 «А» қаз
14	Мирасбекқызы Жанэль	09.10.2010	Психикалық дамудың тежелуі	9 «А» қаз
8	Мустафина Аси	03.09.2016	Психикалық дамудың тежелуі	4 «А» қаз
8	Минжасова Акбота	01.07.2016	Психикалық дамудың тежелуі	4 «А» қаз
8	Алькенов Саид	07.11.2016	Психикалық дамудың тежелуі. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының ІІІ деңгейі	3 «А» қаз
8	Нұрсали Дария	08.04.2016	Психикалық дамудың тежелуі. Сөйлеудің фонетикалық дамымауы.	3 «А» қаз

Оқу жылының басында мектебімізде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жоспары құрылып, сол жоспар негізінде жұмыс жасалынып келеді. Пән мұғалімдері ЕБҚ бар балалардың біліміндегі олқылықтарды жою

мақсатында қосымша сабақтар өткізіп отырады. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үйірме, клуб құрамына да тартылған ЕББҚ оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Жұмыс мақсаты ЕБҚ оқушының жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, білім алуына қолдау көрсету, әлеуметтік ортаға бейімдеу және жан-жақты дамуына жағдай жасау болды.



ЕБҚ оқушыларға бағдарламаға сәйкес жеке күнтізбелік –тақырыптық жоспар құрылды. Сол жоспар төңірегінде қысқа мерзімді жоспарда жеңілдетілген тапсырмалар кірістіріліп, әр сабақта оқушыларға беріліп отырылды. 9 «А» сынып оқушысы Мансұр Әли оқу екпіндісі, берілген тапсырмаларды өз бетімен орындай алады, тек сөйлегенде жеңіл тұтығу бар. Ал Мирасбекқызы Жанэльге жеңілдетілген тапсырмалар беріліп, үй тапсырмасына да жеке тапсырмалар беріліп отырылды.

Орыс тілі пәні бойынша 4 «А» сынып оқушылары Мустафина Аси, Минжасова Акбота, 3 «А» сынып оқушылары Алькенов Саид, Нұрсали Дарияға да сабақта жеңілдетілген тапсырмалар беріліп отырылды. Алькенов Саид, Нұрсали Дария орысша жақсы түсінеді, бірақ сөйлеу тілінің дамымауы бар, ойларын толық жеткізе алмайды. Бұл оқушылармен қосымша сабақтарда оқушы тілін дамыту мақсатында мәтінмен жұмыс тапсырмалары берілді. Алькенов Саидтің жазу каллиграфиясы да калыптаспаған. Мустафина Аси, Минжасова Акбота тапсырмаларды баяу орындайды, ойларын толық жеткізе алмайды.

Оқу жылының басында құрылған кесте бойынша ЕБҚ оқушылармен қосымша сабақтар жүргізіліп отырылды. Оқу жылының соңында оқушы деңгейлерінде сәл ілгерілушілік байқалды. Алдағы уақытта да бұл оқушылармен нәтижелі жұмыс жүргізу мақсаты қойылып отыр.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) (ЕБҚ) - даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына, орталық факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени)

байланысты тиісті деңгейде білім алуға тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар); Ерекше білім беру қажеттілігі - оқу-дамыту барысындағы сапалы білім алуға тиісті көмекке және қызметке қажеттілік; Білім алу үшін арнайы жағдайлар - ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар; Психологиялық- педагогикалық қолдау - педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқу мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.

Ерекше білім беру қажеттілігі - бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі. Жалпы білім беруді дамыту инклюзивтілік принципі негізге ала отырып, білім берудегі құндылықты бағдарлардың өзгеруін болжайды.

Инклюзивті білім берудің негізгі құндылықтары оқу үдерісінің барлық қатысушыларына төмендегілерді мәлімдейді: 9 - мүмкіндіктердің алуан түрлілігін кедергілер мен проблемалар емес, ресурстар ретінде қарастыру. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін қоғамдағы толерантты мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің ресурстары. Бір оқушының қиындықтарын жеңуге қатысты жұмыс, әдетте, басқа балаларға да пайда әкеледі; - оқу үдерісін оқуда жоғары жетістіктері бар оқушыларға ғана емес, барлық сынып оқушыларына бағдарлап құру; - ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды тек мамандармен (логопед, арнайы педагог, психолог, жеке көмекші) ғана емес, барлық білім беру процесіне қатысушылар тарапынан және де бірінші кезекте мұғалім тарапынан қолдауды қамтамасыз ету; - оқу процесінде оқушыға көмек көрсету мәселелерін командалық тәсілмен шешу; - оқушыларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру кезінде "кемсітуден" бас тарту.

9«А» сынып оқушылары Мирасбекқызы Жанель мен Мансур Алимен жеке, қосымша жұмыстар ұйымдастырылады. Бұл оқушыларға күнделікті сабақта арнайы тапсырмалар беріледі. Математика пәні бойынша үлгерімі төмен оқушылардың білімін дамыту сабақ үлгірімін жақсартуда өз бетінше жұмыс істеуге әдеттендіремін. Үлгерімі төмен оқушыларда дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін ең алдымен ең оңай қызықты материал дайындалады. 9«А» сыныбындағы **Мирасбекқызы Жанель** өте тұйық оқушы, ата-анасымен байланыса отырып, ауызша сұрақтар беріп, жауаптар бере отырып, ереже айтқызып, түсінігін қалыптастырамын. Пәнге қызығушылығы өте төмен, сабақ орындамағаны үшін қиналмайды. Таблица түрінде, көп есептер

беріп, соны оқыту арқылы түсінік қалыптастырып, жеңіл есептер беріп, шығартып, дауыстап оқытамын.

Мансур Али сабақты жақсы оқиды, сабақ барысында тақтаға шығып есеп шығарады. Сабақта үнемі белсенділік танытады. Сабақ барысында жеке карточкалар даярланады.

Ұсыныс:

1. Алдағы уақытта қосымша сабақта ұйымдастыру;
2. Оқушылармен жеке тапсырмалар беру арқылы жеке жұмыстар жүргізу;

2025–2026 оқу жылында шет тілі пәні бойынша ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) оқушылармен жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыстар жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың білім алуына қолайлы орта қалыптастыру, тілдік дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету болды.

Оқу жылының басында ЕБҚ оқушыларының білім деңгейі, тілдік дағдылары мен жеке ерекшеліктері ескеріліп, соған сәйкес жеке жұмыс жоспарлары құрылды. Сабақ барысында оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен қабылдау деңгейіне сай сараланған тапсырмалар қолданылды.

Жыл бойы ЕБҚ оқушыларымен:

- жеке және топтық жұмыстар жүргізілді;
- жеңілдетілген тапсырмалар мен көрнекі материалдар пайдаланылды;
- жаңа сөздерді меңгертуге арналған қайталау жұмыстары ұйымдастырылды;
- тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулар орындалды;
- ойын элементтері мен цифрлық ресурстар тиімді қолданылды.

Сабақ барысында оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыруға, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға және белсенділігін көтеруге ерекше көңіл бөлінді. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен тапсырмаларды орындауы үнемі бақылауда болды. Сонымен қатар ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылып, оқушылардың оқу жетістіктері мен қиындықтары туралы ақпарат алмасу жұмыстары жүргізілді. 2025–2026 оқу жылында өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларға ЕБҚ оқушылары белсенді қатысты. 4-сыныпта өткізілген "Gadgets and Inventions" тақырыбындағы қалалық ашық сабақта ЕБҚ оқушылары тапсырмаларды орындап, сабаққа қызығушылықпен қатысқаны байқалды.

<https://www.instagram.com/reel/DYOUau1KONo/?igsh=MXR2aWN3NHptZmszdQ>— 3-4 «А» сынып оқушылары ағылшын пәні бойынша "Funny English" облыстық қашақтық олимпиадасына қатысып сертификаттар табысталды. Жетекшісі: Махатова Л.Б.

№8 негізгі орта мектебінде «Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы» 2025–2030 жылдарға арналған білім беруді іске асыру жөніндегі нұсқаулық негізінде

оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтуға, ұйымшылдық пен достықты қалыптастыруға бағытталған бірқатар тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Бірге уақыт өткізейік!» – мұражайға саяхат»

<https://www.instagram.com/p/DXJMdpJCmiV/?igsh=NmkweXdhaWFnOGNz>

3-сынып жетекшісі: Баядилова М.Ж.

«Күнімізді бірге өткізейік» атты саяхат барысында оқушылар мұражайға барып, мәдени-танымдық ортада уақыт өткізді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, бірлікке, өзара сыйластыққа тәрбиелеу және бос уақытты тиімді ұйымдастыру болды.

Саяхат барысында оқушылар:

- бір-бірімен еркін араласып, қарым-қатынастарын жақсартты;
- ұйымшылдық пен достықтың маңызын түсінді;
- шығармашылық қабілеттерін көрсетті;
- жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға үлес қосты.

Мұндай шаралар оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне және инклюзивті білім беру құндылықтарын нығайтуға ықпал етеді.

«Күнімізді бірге өткізейік»- саяхат

<https://www.instagram.com/reel/DXJwim8Cjy9/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg>

4-сынып жетекшісі: Абдрахманова Ж.Т.

Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, бірлікке, ұйымшылдыққа және өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Бос уақытты тиімді әрі қызықты өткізуге баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

«Бақытты отбасы – салауатты өмір салты» тақырыбында спорттық іс-шара өткізілді. <https://www.instagram.com/p/DYUZGPOiln0/?igsh=MWM1NWx2ZHBnZnRtOQ>

[igsh=MWM1NWx2ZHBnZnRtOQ](https://www.instagram.com/p/DYUZGPOiln0/?igsh=MWM1NWx2ZHBnZnRtOQ)

3,4-сынып оқушыларымен ата-аналары қатысты.

Іс-шараның мақсаты:

- отбасы мүшелерін салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;
- денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;
- отбасы бірлігі мен татулықты нығайту.

Іс-шара барысында оқушылар денсаулықты сақтау жолдары туралы пікір алмасып, белсенді өмір салтының артықшылықтарын талқылады. Сонымен қатар отбасыдағы қолдау мен сыйластықтың адам өміріндегі маңызы ерекше екені айтылды. Өткізілген іс-шаралар оқушылардың тұлғалық дамуына, өзара қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына және инклюзивті ортада тәрбиеленуіне оң әсерін тигізді.

Оқушыларға The Pursuit of Happiness («Бакытқа ұмтылу») фильмі 7-9 сынып оқушыларына көрсетілді.

<https://www.instagram.com/p/DYzO1roqfyf/?igsh=b25zNnR1YzN3aHlh>

Фильмнің мақсаты – оқушыларды қиындықтарға мойымауға, арманына сенуге, еңбекқорлық пен табандылыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар өмірде қандай кедергілер кездесе де, алға ұмтылып, үмітті жоғалтпау керектігін түсіндіру.

Фильм барысында оқушылар адам өміріндегі отбасының, ата-ана қамқорлығының және білім мен еңбектің маңызын ұғынды. Кейіпкердің өмір жолы арқылы шыдамдылық, жауапкершілік, өз-өзіне сенімділік сияқты қасиеттердің жетістікке жетудегі рөлі көрсетілді. Іс-шара оқушылардың өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге, болашаққа сеніммен қарауға ықпал етті.

«Бірге үйренеміз» жобасы аясындағы «Кім жылдам?» интеллектуалдық сайысы

<https://www.instagram.com/p/DWENKr-CgTH/?igsh=d2cxbXNydzQ5Zm01>

Мектепте «Бірге үйренеміз» жобасы аясында «Кім жылдам?» атты интеллектуалдық сайыс өткізілді.

Іс-шараның мақсаты:

- оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- шапшаңдық пен тапқырлыққа тәрбиелеу;
- ұйымшылдық пен достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Сайыс барысында оқушылар түрлі қызықты тапсырмалар орындап, өз білімдері мен зеректіктерін көрсетті. Топпен жұмыс жасау арқылы бір-біріне қолдау білдіріп, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырды.

Қорытындылай келе өткізілген мұражайға саяхат, интеллектуалдық сайыс, спорттық және тәрбиелік мәні бар фильмдерді көру жұмыстары оқушылардың бір-біріне деген сыйластығын арттырып, достық қарым-қатынасты нығайтты.

Іс-шаралар барысында оқушылар ұйымшылдыққа, өзара қолдауға, жауапкершілікке және мейірімділікке үйренді. Сонымен қатар инклюзивті ортада әр оқушының жеке мүмкіндігі мен ерекшелігіне құрметпен қарау қажеттілігі түсіндірілді.

Жалпы алғанда, жүргізілген жұмыстар оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға және білім алуға деген ынтымақын арттыруға ықпал етті.

Тәрбие жұмысы бойынша 2025-2026 оқу жылының «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың жылдық бойынша есебі

2025-2026 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілген болатын. Сол жоспарға сүйене отырып «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып, ай сайынғы тәрбие жұмысы жоспары жасалынады. Ұлттық 6-құндылықтар бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар жоспарға сәйкес өз уақытында өткізіліп отырды.

1. Қамқор жобасында өткізілген іс-шаралар:

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы өткізілді. Мектеп ауласына таза сенбілік жасалынды.

«Табиғат-тіршілік көзі» тақырыбында 1-9 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.

Экологиялық білім беруді, тәрбие мен мәдениетті дамыту мақсатында өткізілген «Табиғатты аялау-өзіңнен басталады» қалалық бейне баян сайысы өткізілді. Экология үйірмесінің жетекшісі Құралай Козыкина 7-сынып оқушыларын қатыстырды.

Жас-ұлан ұйымында «Қамқорлық – тек адамға емес, жануарларға да керек» тақырыбында бейне ролик сайыстары өткізілді. Мектебіміздің тәлімгері Аққұміс Бақытқызы жас-ұлан ұйымның оқушыларын қатыстырды.

«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджи ұйымдастырылды.

9-сынып оқушылары мектеп ауласына ағаштарын екті.

2. Еңбегі адал жас өрен жобасында өткізілген іс-шаралар:

«Ана-барлық жақсылықтың бастауы» тақырыбында 1-9 сынып сағаттары өткізілген. Мектебіміздің әлеуметтік-педогогы Индира Талғатқызының ұйымдастырумен «Күзгі асар» жәрмеңкесі 1-9 сынып оқушылар арасында өткізілді.

«Мамандықтар әлемін ашу» тақырыбында Республикалық форумның қалалық кезеңі өткізілді. Қалалық кезеңге қатысқан оқушылар Төлеу Г. Нұрсали Н. Талас Е. қатысты. Талас Еркежан 3-орынмен марапатталды.

«Бар мамандық-қадірлі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

3. Smart Bala жобасында өткізілген іс-шаралар:

Арқалық қаласының 70-жылдық мерейтойына арналған «Туған жер-тұғырым» атты Жасанды интеллект (AI) технологияларын қолдан арқылы жасалатын бейнероликтер байқауы өткізілді. Байқауға 5-Сынып оқушысы Нұрымбет Н қатысты 3-орын иеленді. Жетекшісі Асылбек Дәудетұлы

4. Шабыт жобасында өткізілген іс-шаралар:

Жас-ұлан ұйымның ұйымдастырумен «Жаңа ТВ жобасы» атты танымдық телевизиялық сюжеттер қала және ауыл мектеп оқушылармен өткізілді.

«Жаңа айдар» номинациясымен Талас Еркежан, Өмірзақ А 1-орынмен марапатталды. Жетекшісі Қолшинбаева Құралай Шайхыновна

«Ыбырай әлемі-сахна төрінде» сахналық қойылым байқауы өткізілді Шабьт үйірменің жетекшісі Абдрахманова Ж.Т-ның дайындаумен оқушылармен бейне ролик түсірілді. 3-орын иеленді.

«Алтын қазына» көрме және қолданбалы балалар шығармашылығының қалалық көрме-байқауында «Қағаздан бұйымдар жасау «номинациясы бойынша Мусабаева А, Жетекшісі Айкүнім Шаймерденқызы

Арқалық қаласының 70 жылдығына орай өткізілген қала және ауыл мектептерінің 7-9 сынып оқушылары арасындағы «Болашақ Арқалық-балалар көзімен» атты қалалық макеттер байқауында жүлделі 3-орын иеленді Қалдыбай Ж, Жетекшісі Айкүнім Нағашыбайқызы

8 наурыз -Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай қала мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған “Ана мен қыз - сән шеберлері” атты байқауында 3 орынға ие болған анасы Қонысқызы Динара мен Шайынғазы Аяжан. Жетекшісі: Нағашыбай Айкүнім Шаймерденқызы

8 наурыз -Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай қала мектеп оқушылары арасында “Қыштағы гүлденген әлем” атты қалалық шығармашылық байқауына белсене қатысып, жүлделі ІІІ орынға ие болған Шайынғазы Аяжан. Жетекшісі: Нағашыбай Айкүнім Шаймерденқызы

Күлкі мен өнерге толы кеш!

«Жас қырандар» мен «Жас ұландар» арасында «Хиттер шеруі – пародия» атты қалалық сайыс өтті.

Жас өнерпаздар өздерінің шығармашылығы мен сахналық шеберлігін көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Мектеп тәлімгері: Келден Ақкүміс Бақытқызы

Арқалық қаласының 70жылдығына орай қала мектептері арасында қазақтың ыдысы-пияла кесе жасау бойынша байқау өтті. Осы байқауға мектебіміздің 9-сынып оқушысы Көшкінбай Диана 1-орын иеленді.Жетекшісі Рахым Әсел Әлкейқызы

5.Ұшқыр ой алаңы жобасында өткізілген іс-шаралар:

«Менің Республикам» тақырыбында сайыс өткізілді.

6. Балалар кітапханасы жобасында өткізілген іс-шаралар:

«Менің Республикам» тақырыбында сайыс өткізілді.

«Ертегілер әлемінде» тақырыбында 2-сынып оқушыларымен ертегілер киіпкерлерін таныстырды.

Ұлттық кітап күні мектеп парламенттері кітапханаға көмек көрсетті.

Кітапханаға саяхат тақырыбында 4-сынып оқушыларымен ұйымдастырылды.

Осы атқарылған іс шаралардың барлығы «Адал азамат»**Біртұтас тәрбие**

бағдарламасының мақсатына жету, яғни оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу болып келеді.

**2025-2026 оқу жылындағы
психологиялық қызметтің жұмысына талдау**

2026-2025 оқу жылында мектеп психологы жұмыс жасау үшін, жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Мақсаты: оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. **Жұмыстың негізгі бағыттары:**

Психологиялық диагностика

Мақсаты: Тұлғаның жеке және ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара ерекшеліктерін зерттеу

Психологиялық профилактика

Мақсаты: тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психологиялық түзету – дамыту жұмысы

Мақсаты: оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психологиялық консультация, кәсіби кеңес жүргізу

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Психологиялық білімді көтеру

Мақсаты: Психологиялық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

2025-2026 оқу жылының инклюзив оқушыларының тізімі жасалып, ПМППК-мен тізім салыстырылды. Мектебімізде барлығы 6 инклюзив оқушы бар, нарушение речи-1, ЗПП-5

Жоспарға сүйене отырып, 1-5 сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік даму жағдайына бейімделу кезеңде психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында оқушылармен тренинг өткізілді. «Танысу» жаттығуы жүргізіліп, балалар өздерінің аттары және қасиеттерін айта отырып танысты. Тренинг соңында балалардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Сергіту» жаттығулары өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DPJS8IwCici/?igsh=aHcyZGJ2dGk3bTZS>



https://www.instagram.com/p/DPJWNfgCtxX/?img_index=4&igsh=Y3FiMzBiYXo1dWFp

«Бірінші сыныптың ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізілді. Алдымен ата-аналармен танысысу сәті болды. Ата-аналармен «Сіз-ең керемет ата-анасыз», «Кұбыр» жаттығулары жүргізілді. Сонымен қатар гүл шоғына жасырын жазылған сұрақ-жауап ойыны өткізілді. Ата-аналармен кері байланыс жасай отырып, бүгінгі тренинг жаттығуларынан алған әсерлерімен бөлісті.



<https://www.instagram.com/p/DOfl9RTCqVz/?igsh=MTBxM3A5NTAxXJ2ZQ>

Мектебимізде 22-қыркүйек күні мектеп психологы "Егер қиын болса, қоңырау шал" ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: кәмелеттік жасқа толмағандар арасында психологиялық сауаттылық деңгейін арттыру, психологиялық көмекке жүгіну мәдениетін қалыптастыру.



https://www.instagram.com/p/DPDIM3Fite/?img_index=2&igsh=MWpxZXlhMTljbWlzMw

2025-2026 оқу жылының 16-қыркүйек күні мектеп психологы 8 сынып оқушыларымен "Жақсы мінез сарқылмас байлық" тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: оқушылардың қоршаған ортада мәдениетті болуға, өзін ортада ұстауы, болашақта бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу. Оқушылармен "Өзін-өзі бағалау", "Мен мінсізбін" тренинг жаттығулары жүргізілді. Әр жаттығу соңында оқушылармен кері байланыс жасай отырып, жаттығудан алған әсерлерімен бөлісті.

30-қыркүйек күні мектеп психологы "Балалардағы дәрілік заттармен уланудың алдын алу" тақырыбы бойынша ата-аналарға ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: баланың денсаулығын сақтап, қауіп-қатерлерден қорғау. Балада ауырсыну, дене қызуы көтеріліп тұрған жағдайда өздігінен дәрі қабылдамауын, тек қана ересектердің кеңесімен пайдалану керектігі жөнінде алдын алу жұмыстары жүргізілді.



<https://www.instagram.com/reel/DPVg1u8CrZq/?igsh=YndjeWt5MTN2Mnoz>

2-қазан күні 1-11 сынып оқушылары аралығында мектеп психологы "Код Актив: жедел көмек бағдарламасы" бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: буллингтің алдын алу және мектеп оқушыларына уақытылы көмек көрсету. Мектеп ғимаратының таса жерлеріне QR-кодтар орналастырылды.



<https://www.instagram.com/reel/DPS8wEdijuQ/?igsh=MW5yOWcxMHRucXVzbg==>

14-қазан күні "Жаның сау болмай, денің сау болмас" ұранымен өткізілген Психикалық денсаулық күніне орай тренинг жаттығулары, қызықты ойындар, сергіту сәттері, сұрақ-жауап өткізілді. Мақсаты: жасжеткіншектер арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу, психологиялық ахуалды жақсарту, өмірдегі адамгершілік, отбасында татулық құндылықтарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



<https://www.instagram.com/p/DPvU3LNDcww/?igsh=MTYyNW16ODkzamlueg==>

6-қазан күні 9 сынып оқушыларына кәсіби бағыт бағдар беру мақсатында «Керемет тұлға» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушыларға өз мақсаттарын анықтауға, болашақ мамандығын қатесіз таңдауға көмектесу. Тренинг барысында «Менің есімім, менің мамандығым» жаттығуы бойынша оқушылар өз есімдерін және оның бірінші әріпінен келетін мамандықты айтты. Сонымен қоса «Екі арал», «Қалаймын, жасаймын», «Болашақтағы мен» жаттығулары жүргізілді.



https://www.instagram.com/p/DPdoKKChf/?img_index=1&igsh=eXhkamZsenRqczJ3

21 қазан күні «Эмоциялар және оларды білдіру жолдары» тақырыбында оқушыларымен кездесу өткізді. Мақсаты: балаларға эмоцияларын жақсырақ түсінуге көмектесу, сезімдерді қауіпсіз білдіру дағдысын дамыту. Оқушылармен «Айналамыздағы эмоциялар», «Эмоциялар айнасы» жаттығулары жүргізілді. Эмоция смайликтері салынған карточкалар таратылып, бүгінгі күнгі көңіл-күйлерімен бөлісті.

Бұл кездесуден-балалардың эмоционалдық интеллектісін дамытуға, достық қарым-қатынасты нығайтуға және мектеп ішіндегі психологиялық ахуалды жақсартуға үлкен үлес қосады.



https://www.instagram.com/p/DQq0y6UDFb/?img_index=8&igsh=MWFvandnMTYyeXh1YQ==

2025 жылдың 5-қарашадағы №283 хатының негізінде, №8 негізгі орта мектебінде 14 қараша күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: буллинг, аутодеструктивті мінез-құлық және тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша ата-аналардың хабардарлығын арттыру, жағымсыз салдардың алдын алу үшін дабыл белгілерін уактылы анықтау және баламен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, психологиялық қолдау көрсету. Жиналыс барысында мектебіміздің педагог-психологы В.Махатовна баяндама жасап, тақырып төңірегінде бірқатар ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар "Отбасындағы зорлық зомбылықтың балаға әсері" тақырыбында видеожазба көрсетіліп, ата-аналармен кері байланыс жүргізді және ата-аналарға ұнпарақтар таратылды.



<https://www.instagram.com/reel/DRCyaOXDKKj/?igsh=MXMyeW11NW9uN2NoeA==>

2025 оқу жылының 20-қараша күні 8 сынып оқушыларымен «Өміршеңдік және күйзеліске төзімділік» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: ойын және командалық әрекеттер арқылы қатысушылардың күйзелістік жағдайларда эмоциялар мен мінез-құлықты тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру. Оқушылармен «Менің күшті жағым», «Серпін», «Үміт хаты» жаттығулары жүргізілді. Оқушыларға қиын жағдайда бірлесіп шешім қабылдауға, бір-біріне қолдау көрсетуге, сәтсіздік жағдайларды тез қалпына келтіруге үйрету мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жаттығулардан кейін оқушылармен кері байланыс жасай отырып, оқушылар өздерінің пікірлерімен ой бөлісті.



<https://www.instagram.com/p/DWDgJrpCg0M/?igsh=cnRybGplZWNlc3F4>

25-қараша күні оқушылармен «Уақыт капсуласы», Мақсаты: оқушыларды өз өткенін, қазіргісін және болашағын ой елегінен өткізуге үйрету.
«Болашаққа хат жазу» Мақсаты: оқушылардың мақсат қоя білу, болашақты жоспарлау дағдыларын жетілдіру жаттығулары жүргізілді. Жүргізілген жаттығулар оқушыларға ұнағандықтан, белсене атсалысты.



https://www.instagram.com/p/DRmN1zGjCD_/?img_index=3&igsh=MTkxd3d4YjhnZjZjeA==

26-қараша күні оқушылармен «Жетістіктер ағашы» жаттығулары жүргізілді. Мақсаты: стрессті азайтып, көңілді тыныштандырып, өз жетістіктерін жаза білу.



https://www.instagram.com/p/DR13iRQCm72/?img_index=4&igsh=cDgxOWwwY3FreXJh

27-қараша күні бастауыш сынып оқушыларымен өміршендік, күйзеліс, экстремизмге қарсы жаттығулары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DRmSuz9jGma/?igsh=djMwdXpqbDB5dWo>

20-қараша күні «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг 3 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Оқушылармен нейрожаттығулар жүргізілді. Мақсаты: назарды шоғырландыруды дамыту, қозғалыс координациясын жақсарту. Жаттығу барысында әннің ырғағына ілесе отырып, жаттығуларды орындап шықты. Бұл жаттығулар дан кейін, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріңкі болды әрі қызықты өтті.

ASPPM HR+ психологиялық педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі бойынша, жоспарға сай зерттеу жұмыстары жүргізілді:

1. Төксандық сауалнама алынды, анықталған оқушылармен жеке жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.
2. 14-қарашада 1-сынып оқушыларымен «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді. Нәтижесі бойынша барлық оқушы мектепке бейімделмегені анықталды, берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілді.
3. 14-қараша күні 1-сынып оқушыларынан Керн-Ирасектің үш субтесті алынды ұсыныстар берілді.
4. 25-қарашада «Баспалдақ» әдістемесі алынды, ұсыныстар берілді.

5. 1-5 сынып оқушыларынан «Ағаштағы орның қайсы?» әдістемесі жүргізілді.
6. 2-4 сынып оқушыларынан Элькониннің гоафикалық тесті алынды.
7. 2,4 сынып оқушыларынан «Кактус» проективті әдістемесі бойынша зерттеу жұмысы жүргізілді.
8. 3,4,5 сынып оқушыларынан «Н.Г. Лусканова» әдістемесі бойынша мектептегі мотивациясын анықтау мақсатында сауалнама алынды.
9. 3-4 сынып оқушыларынан «Социометрия» әдістемесі бойынша, оқушылардың өзара сыныптағы қарым-қатынасы анықталды.
10. Г.Гарднер 8-9 сынып оқушыларынан Интеллект түрлері бойынша сауалнама жүргізілді.
11. 4 сынып оқушыларынан дарындылықты анықтау мақсатында «Мюстенберг» проективті әдістемесі алынды.

23-желтоқсан күні №8 негізгі орта мектебінде «Өзіңді таны, өзгені түсін» тақырыбындағы психология апталығы аясында мұғалімдерге «Сықырлы қорап, сықырлы сөз» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: мұғалімдерді эмоционалды қолдау, кәсіби күйзелістің алдын алу, мектеп ұжымын біріктіру, өзін өзі бағалауды көтеру.



<https://www.instagram.com/reel/DSufq2nCmLu/?igsh=YXJreWxqbWdweHdj>

23-желтоқсан күні мектеп психологы мұғалімдермен «Психологтың көңіл-күйінің «түсі»» челленджі түсірілді. Мақсаты: білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті, педагог-психологтардың жұмысын дамытуға және танымал етуге жәрдемдесу.

<https://www.instagram.com/reel/DS4KwTuj06/?igsh=MTZhcjUydGlvMHZ5NQ==>

15-қаңтар күні мектеп психологы мұғалімдер мен мектеп оқушыларына «Сенім телефоны» хабардар етілді. Мақсаты: жедел көмек көрсету, құқықты қорғау, буллингтің алдын алу, сенімділік орнату, күйзелісті азайту болды.



<https://www.instagram.com/p/DThTxoPipXf/?igsh=MTM4OWF4M2VnczhvaA==>

6-ақпан күні мектебіміздің психологы В.Кабиева мектебіміздің ата аналарына «Инклюзивті білім: ата аналар нені білуі керек» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



<https://www.instagram.com/reel/DYgX3gvqug1/?igsh=czNvamk4djJ0d2Ri>

13-ақпан күні «Аутодеструктивті мінез-құлықтың, буллингтің және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай облыстық ата-аналар жиналысы» өткізілді. Мақсаты: суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мәселелерінде ата-аналар жұртшылығының психикалық сауаттылығының маңыздылығын арттыру.

- аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу
- буллинг пен кибербуллингтің белгілері

- зорлық-зомбылықтың түрлері және оның алдын алу жолдары
- ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланды.

Жиналыс барысында мектеп психологы В.Кабиева баяндама жасады, практика бөлімінде тренингтік жаттығу жүргізілді және видеожазба көрсетіліп, ата-аналармен бірге талданды.

Жиналыстың негізгі мақсаты – ата-аналарға ақпараттық қолдау көрсету, қауіптің алдын алу және балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру.



<https://www.instagram.com/reel/DUuUGN4iing/?igsh=MWd4bGRhZjE1M3MyсA==>

1-9 сынып оқушыларымен «Заң және тәртіп» айлығы аясында тренинг жаттығулар ұйымдастырылды.



[https://www.instagram.com/reel/DUFWz62iD9g/?](https://www.instagram.com/reel/DUFWz62iD9g/?igsh=MW45a2hhe201OXZ2MA==)

igsh=MW45a2hhe201OXZ2MA==1-9 сынып оқушыларымен «Сенім телефоны» акциясын өткізді. Сенім телефонының негізгі мақсаты-балалар мен жасөспірімдерге қиын жағдайларда жедел психологиялық және ақпараттық көмек көрсету. Сенім телефоны-бұл балалар мен жасөспірімдерге метептегі қиындықтар, отбасындағы келіспеушіліктер, қорқыныш, уайым, жалғыздық сезімі, қысым көрсету немесе зорлық-зомбылық жағдайлары, кез-келген басқа да мазалаған сұрақтары бойынша хабарласуға болатындығы жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға қонырау шалу тегін әрі құпия және арнайы мамандар көмек беретіні жөнінде ескертілді. Сонымен қатар сынып жетекшілер «Сенім телефоны» тақырыбы бойынша сынып сағаттарын өткізді.



[https://www.instagram.com/reel/DU-pNC_itNZ7?](https://www.instagram.com/reel/DU-pNC_itNZ7?igsh=MXczaXhqNXo0M3ZkMA==)

igsh=MXczaXhqNXo0M3ZkMA==

16-20 наурыз аралығында 5-9 сынып оқушылары арасында өмірлік тұрақтылық пен күйзеліске төзімділікті дамытуға, терроризм мен діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған тренингтер өткізілді.



<https://www.instagram.com/p/DWDgJrpCg0M/?igsh=enRybGplZWNlc3F4>

26-наурыз күні педагогикалық отырыста «Арнайы сынып оқушыларының оқу жетістіктері мен даму динамикасы» тақырыбында баяндама жасалды.

«Сторителлинг» облыстық байқаудың қалалық кезеңіне мектебімізден Өмірзақ Нурислам қатысып, жүдделі 3 орынды жеңіп алды. Жетекші педагог-психолог: Кабиева В.М



17.04.2026 ж 6 «А» сынып оқушыларымен «Буллингке жол жоқ» тақырыбында тренинг өткізіліді. **Мақсаты:** Оқушыларға буллинг туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру, оның алдын алу жолдарын үйрету, оқушылар арасында жағымды психологиялық ахуал орнату, өзара құрмет, мейірімділік және қолдау көрсету дағдыларын дамыту. Жалпы алғанда, тренинг өз мақсатына жетті. Оқушылар тақырыпты жақсы меңгеріп, белсенді қатысып, маңызды қорытындылар жасай алды.

Тренинг мазмұнды, тәрбиелік мәні жоғары және қызықты деңгейде ұйымдастырылды.



https://www.instagram.com/reel/DWE08hMio_X/?igsh=MW93cms1YTZpdDM2Mw

Мектебімізде 1-9 сынып оқушыларына және ата-аналарға «Досым» анонимді Telegram чат-ботын енгізу бойынша PR-наукан аясында кең көлемді ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жаңа жобаның іске қосылғаны туралы түсіндіріліп, чат-боттың толық анонимділікті қамтамасыз ететіні, жеке деректерді жинамайтыны айтылды. Сондай-ақ білім алушылар мен ата-аналарға Telegram чат-боты арқылы Психологиялық қолдау орталығының білікті мамандарынан тәулік бойы көмек ала алатыны түсіндірілді. Жүгіну тақырыптары әртүрлі болуы мүмкін: ҰБТ алдындағы стресс, достарымен немесе ата-анамен келіспеушіліктер, жалғыздық, буллинг немесе мазасыздық. «Досым» чат-ботының QR-коды бар стикерлер оқушыларға таратылды.



https://www.instagram.com/reel/DX_Xfqzq30J/?igsh=Z3c0ZDZiMnN2bDJy

Қаламыздағы Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің, педагогика –психология факультеті ұйымдастыруымен өткен «Психология олимпиадасына» мектеп психологымен 8сынып оқушылары Өмірзакова Айару мен Талас Еркежан қатысып, қала бойынша 2 орынды иеленді.



9-сынып оқушыларына психологиялық қолдау көрсету мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында 9 сынып бітіруші оқушыларының алдағы емтиханға дайындық кезеңіндегі психологиялық көңіл-күйі, эмоционалдық тұрақтылығы және ата-ананың қолдауының маңыздылығы туралы кеңінен айтылды.

Кездесу барысында мектеп психологы ата-аналарға жасөспірімдермен дұрыс қарым-қатынас орнату, күйзелістің алдын алу, баланын өзіне деген сенімін арттыру және емтихан кезінде қолайлы психологиялық орта қалыптастыру жолдары жөнінде кеңестер берді. Сонымен қатар оқушыларға шамадан тыс қысым көрсетпеу, олардың демалыс режимі мен дұрыс тамақтануына көңіл бөлу қажеттігі түсіндірілді.



<https://www.instagram.com/reel/DYUYu5WqbLC/?igsh=MWg3YWw3ZHk0YWlrdw=>

Қорытындылай келе, есепті кезеңде мектеп психологының жұмысы оқушылардың психологиялық саулығын сақтау мен нығайтуға, олардың жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталды. Жүргізілген диагностикалық, кеңес беру, түзету-дамыту және алдын алу шаралары өз нәтижесін беріп, оқушылардың оқу үдерісіне бейімделуіне, мінез-құлқындағы қиындықтарды азайтуға және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етті. Алдағы уақытта да ата-аналармен, педагогтермен және оқушылармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізу арқылы мектептегі психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру жоспарлануда.

2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жалпы атқарған жұмысының жылдық есебі.

Мектепте тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Тамыз айында 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық

көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау» ережесін басшылыққа алып, тамыз айында берген тізімге сәйкес жинақталып, ата-аналардың толық іс-құжаттары Арқалық қаласы білім бөліміне тапсырылды. Әлеуметтік көмек алатын, 5 санатағы балалар тізімге алынды, ата-аналардың счётына бюджет есебінен қаражат аударылды. Аударылған қаражатқа ата-аналар мектеп жасындағы балаларына қажетті киім-кешек, аяқ киім, оқу құралдары алғандығы жөнінде түбіртектерін тапсырды.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында материалдық көмекке мұқтаж отбасылар тізімі жасалып, рейдтік шаралар және әлеуметтік қолдау жұмыстары ұйымдастырылды.

2025 жылдың 02 қыркүйегінен бастап, әлеуметтік паспорты бекітілді. Әлеуметтік осал топтағы оқушылардың тізімі жинақталды. 5-9 сынып аралығында көп балалы және аз қамтылған отбасындағы 50 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып, мектеп директоры Дүйсенбаева Л.А. бекітілді. Әр айдың соңында ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімінің есебін, мәліметін кәсіпкер С. Бекееваға өткізілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі Д.Кобликова, И.Ташебаева және әлеуметтік педагог бақылап отырды. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімі жасалды. Әлеуметтік осал топтағы көп балалы отбасы, тұрмыс жағдайы төмен отбасы, жартылай жетім және әлеуметтік паспорты жасалды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны -82. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 26 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны бала 9, толық қамтылған отбасыдан шыққан бала саны 42, өгей ата-ананың қолында 1 оқушы тұрады. Қолайсыз отбасы жоқ, мүгедек бала -1. Сенімхатпен тәрбиеліп жатқан балалардың саны-3. Арқалық қаласы білім бөліміне келген хатқа уақытында жауап берілді.

22 қыркүйек «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы «Қамқор» жобасы аясында мектебіміздің 1-9 сынып білім алушылар арасында «Күзгі асар» қайырымдылық жәрменкесі өтті.

Мақсаты: Оқушыларды еңбекке, ұйымшылдыққа, мейірімділікке, жанашырлыққа баулу. Мектеп ата-ана ынтымақтастығын нығайту.

Атаулы іс-шарадан ата-аналарда тыс қалмады. Өз тараптарынан демеушілік жасап, жәрменкенің жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті. Жиналған қаражатқа Базарбай Әділге киімдер алынды.



24 қазан күні әлеуметтік педагог И.Т.Ташебаева «Баланың құқықтарын қорғау» тақырыбында 7-9 сынып аралығында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Баланың құқықтарын қорғаудың мақсаты — әрбір баланың қауіпсіз, бақытты әрі толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау.

Негізгі мақсаттары:

Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау

Білім алуына мүмкіндік беру

Зорлық-зомбылық пен қорлаудан сақтау

Қауіпсіз ортада тәрбиелеу

Баланың еркін дамуына көмектесу

Құқықтарының бұзылуына жол бермеу

Қоғамда өз орнын табуына жағдай жасау

«Бала құқығы» туралы 3-4 сынып оқушылары арасында сурет байқауы болды.

Мақсаты:

Балалардың құқықтары туралы түсінігін арттыру

Шығармашылық қабілетін дамыту

Мейірімділікке және әділдікке тәрбиелеу

Оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.



02-қазанда «Психологиялық қолдау мен тәрбие жұмысының өңірлік оқу-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесінің 29.09.2025 жылғы 239 хатының негізінде мектебімізде 1-9 сынып оқушыларын «КодАктив: жедел көмек бағдарламасымен» QR-кодты қолдану тәртібі мен таныстыру жүргізілді.



5- қараша «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!»- атты сынып сағаттарымен. Мектебіміздің медбике Д Кобликова әлеуметтік педагог ұйымдастыруымен 5- 9 сыныптар аралығында пікірталас өткізіліп , бейнероликтер көрсетіліп , дұрыс тамақтану жайлы түсінік берілді.



14 қараша ата-аналар жиналысы өткізіліп тегін ыстық тамақпен қамту «Әлеуметтік әмиян» жайында түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді.



“Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” атты республикалық акция ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушыларды зорлық-зомбылықтың түрлері, алдын алу жолдары, құқықтық және психологиялық қауіпсіздікпен таныстыру.

Қауіпсіз мектеп ортасын қалыптастыру.

Балалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыру.

Іс-шараның мазмұны: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және қоғамда отбасының рөлін нығайту, зорлық-зомбылықтың жолын кесу, зорлық-зомбылық жасауға бейімді адамдармен жеке-профилактикалық жұмысты жүзеге асыру.

Балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында “Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” атты республикалық акция ұйымдастырылды. Атап айтсақ 9-сынып оқушыларымен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ атты чөлентж түсірілді. Сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Мектеп спорт залында флешмоб ұйымдастырылды. Зорлық-зомбылықты қаламасаң мені құшақта акциясы өткізілді. Акция барысында оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектебімізде “Бақыт деген -бала кездерің . Бақыт деген – Отбасың” атты 7-сынып ата-аналарымен сынып сағаты болып өтті. Мақсаты : Отбасы құндылықтарын дәріптеу, бала тәрбиесіндегі ата -ананың көзқарасын кеңейту. Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық сезімін нығайту. Ұйымдастырғандар: У. Мамакова, А Шаймерден

«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» бойынша мектеп кітапханашысы Зайра Балтабековна «Балалық шақты бірге қорғайық» атты пікірталас ұйымдастырды.

Мақсаты: адепті, тәртіпті болуға, достарын құрметтеуге тәрбиелелеу. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту, баламен

тіл табысуға, балаға қысым түсірмей, зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас орнатуға бағыт беру.



Барлық жоспарланған іс-шаралар толық жүзеге асырылды. Акция оқушылардың құқықтық және психологиялық мәдениетін дамытуға оң әсерін тигізді.

23.11.2025 жылы МДТТЖО У Мамакова мектеп медбикесі Д.Кобдикова және әлеуметтік педагог И.Ташебаеваның ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында «Темекінің адам ағзасына зияны» атты тақырыпта түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Оқушыларды темекі шегуге, зиянды әдеттерден аулақ болуға, темекінің денсаулыққа кері әсер ететінін, айналасындағыларға да қатерлі екенін түсіндіру мақсатында тәрбие беру.



«Бала құқығы адам құқығы» атты 9-сынып оқушылына дәріс сабағы өткізілді. **Мақсаты:** Балалардың адам құқықтарының тең және ажырамас бөлігі екенін түсіндіру, бала құқықтары туралы білімдерін арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге және құрметтеуге тәрбиелеу, құқықтық сауаттылықты қалыптастыру, зорлық-зомбылықтың алдын алу және жауапты азамат болуға бағыттау.



29.12.2025 жылдың әкімінің ұйымдастыруымен "Қош келдің, жаңа жыл" атты аудан әкімінің шырша мерекесі өтті.

Мерекелік шыршасына мектебімізден 8 оқушы қатысты. Аз қамтылған отбасынан 6-сынып оқушысы Қалдыбай Жансель Әсетұлы, Аз қамтылған отбасынан 2 «А» сынып Мустафина Асиді алып бардым.

Мүмкіндігі шектеулі балалар, қолайсыз, ерекше назар аударуды ата-аналарының бірі өгей балаларға арналған шыршаға қатысқан оқушылар Алькенов Сайд 3 «А» сынып, Шайынғазы Аяжан 7 «А» сынып, Кенжеғара Сайран 7 «А» сынып қатысты.

Аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына арналған шыршаға қатысатын оқушылар Садық Ернұр 5 «А» сынып, Елеубай Жанат 5 «А» сынып, Мұратұлы Темірлан 7 «А» сынып, Жексенбай Сабина 4 «А» сынып, Жақып Айша 5 «А» сынып.

Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, балалар көңілінен шықты. Естелік суреттерге түсті.



2026 жылдың 15 қаңтарда «Заң мен тәртіп» айлығы аясында Мектеп инспекторы Тулеуова Айбарша Кабиденовна, әлеуметтік педагогтің ұйымдастыруымен оқушылар арасында құқықтық тәрбие жұмыстары жүргізілді.

Айлықтың мақсаты — оқушыларға заңды құрметтеуді, тәртіп сақтауды және құқық бұзушылықтың алдын алуды түсіндіру.

Іс-шара барысында:

құқықтық түсіндіру жұмыстары өткізілді;

оқушылармен әңгіме-сұхбат ұйымдастырылды;

қауіпсіздік ережелері түсіндірілді;

бала құқығы мен міндеттері туралы ақпарат берілді.

Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды. Іс-шара жас ұрпақты тәртіпке, жауапкершілікке және адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталды.

02.03.2026 «Жапсырма 5 секунд назар аударсаң денсаулығыңды сақтайсың» тақырыбында бейне ролик көрсетілді.

«Дос болайық бәріміз» тақырыбында 5-сынып оқушылармен ойын ойнатылды.

Мақсаты: Оқушыларды достыққа, бір-бірін сыйлауға, көмектесуге және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

08.04.2026 жылы 5-9 сынып оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

тақырыбында мектеп инспекторы Тулеуова Айбарша Кабиденовнамен кездесу өтті.

Мақсаты: Қоғамда адалдық, әділдік және заңға бағыну құндылықтарын насихаттау.

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру

және жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Адамдарды пара алмауға, пара бермеуге тәрбиелеп, елдің дамуына кедергі келтіретін теріс әрекеттерге қарсы тұруға шақыру.

Қостанай облысы білім басқармасының 2026 жылғы 30 сәуірдегі №10-15-2558 хатына сәйкес, мектебімізде асхана жұмысына тексеріс жүргізілді.

2025-2026 оқу жылындағы кітапханашының атқарған жұмысының жылдық есебі.

№ 8 жалпы білім беретін мектеп оқу материалдық-техникалық базасын нығайту.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Тақырыптық көрмелерді безендіру	Тақырыбын а қарай	Кітапханашы	Ақпараттық қамтамасыз ету
2	Кітапханалық қорды толықтыру	Үнемі	Мектеп әкімшілігі	Ақпараттық қамтамасыз ету
3	Оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету	Үнемі	Мектеп әкімшілігі	Ақпараттық қамтамасыз ету
4	Кітап қорын анықтау, есепке алу	Үнемі	Кітапханашы	Кітап қорын сақтау

5	Оқулық санын сақтау, толықтыру	Үнемі	Кітапханашы	Кітап қорын сақтау
6	Ақпарат материалдарымен таныстырып отыру	Үнемі	Кітапханашы	Ақпараттық қамтамасыз ету

Ақпараттандыру және кітапхана қорын дамыту

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

1. Кітапхана қорын білім бағдарламасымен сәйкестендіру.
2. Ақпараттық құралдарын өңдеу – кітап, оқулықтар, газет, журналдар. Оқулық картотекасын толықтыру, жаңа келіп түскен әдебиеттерді жазу және тіркеу, оқулықтар картотекасын жүргізу, библиографиялық кітап және журналдарды сипаттап рәсімдеу.
3. Жаңа келіп түскен кітап қорын рәсімдеу, әдеби күнтізбесіне сәйкес жаңа әдебиеттермен танысу.
4. Басылымдарды кітапханаға уақтылы қайтарылып отыруын іске асыру.
5. Оқушылар арасындағы білім беру, ақпараттық және тәрбиелік жұмыстарын іске асыру.
6. Өнегелік, салауаттылық, азаматтық–патриоттық өзіндік жеке тұлғалық сана сезімін, тәрбиені іске асыру мақсатында іс шаралар ұйымдастыру.
7. Педагогикалық ұжыммен жұмыс. Мұғалімдердің білім беру жобаларының іске асуына көмек көрсету.
8. Мұғалімдердің интернет желісін жиі пайдалануын көтеру.
9. Оқушылардың оқу мәдениеті мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.
10. Туған жерге деген сүйіспеншілігін, отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу.

Мектеп кітапханасының негізгі кезеңдері

1. Білім беру. Жастар мен балаларды тәрбиелеудегі тәрбие процесіндегі барлық субъектілердің ерекшеліктерін қамтамасыз ету, өскелең ұрпақтарды тәрбиелеуде біртұтас әрекетті қалыптастыру.

2. Ақпараттық. Кітапхана барлық ақпараттарды пайдалануға мүмкіндік береді.

3. Мәдени. Кітапхана өнегелік, салауаттылық, азаматтық–патриоттық өзіндік жеке тұлғалық сана сезімін, тәрбиені іске асыру мақсатында іс шаралар ұйымдастырады. Мектеп кітапханасында бір қызметкер жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі – Жусупова Зайра Сарсенбековна.

2025-2026 оқу жылындағы кітапхана мынандай бағыттарда жұмыс жасалы:

- Ақпараттық және тағы басқа әдебиеттер.
- Кітаппен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру жайында әңгімелесу.
- Сыныптан тыс оқуға арналған әдебиеттерді тандау.
- Қалалық байқауларға қатысу.
- Мектепшілік іс шараларға көмек көрсету.

Кітапхана педагогикалық ұжыммен және мектептің қоғамдық ұйымдарымен бірлесе отырып, оқушылар арасында тәрбиелік жұмысты жан-жақты жандандыру арқылы ақпараттық-библиографиялық жұмысын ұйымдастырды. Жеке, топтық және көпшілік нысандарының (викториналар, библиографиялық шолулар, әнгімелер, оқырман конференциялар, кітап көрмелер) көмегімен әдебиеттерді насихаттау жұмыстары жүргізілді.

I. Кітап қорының жағдайы

Кітапханада кітап қоры—24270 дана.

Оның ішінде: негізгі қор—14178 дана.

Оқу әдебиеттері -10092 дана.

Көркем әдебиеттер қоры оқушыларға қол жетімді болып сөрелерге оқырмандардың жас ерекшеліктеріне қарай қойылған. Құнды әдебиеттер, сонымен қатар жалғыз дана кітаптар оқу залында пайдалануға арнайы стелаждарға қойылған. Оқулықтар қоры сынып бойынша сөрелерге жиналып, толықтырылған жаңа оқулықтар картотекасы толтырылды.

Оқулықтарды сақтау мақсатында кітапханашылар оқырман оқушылармен әңгіме жүргізіп, жүйелі түрде тексеріс жүргізіліп тұрды.

Оқу жылының аяғында кесте бойынша сыныптар кітап тапсырады.

Өртүрлі ғылыми-әдістемелік, көркем және педагогикалық әдебиеттер мен мерзімді баспа басылымдары оқырмандар тілегінен шығып жатады. Жылдан-жылға кітапханамыз жаңа оқулықтар және әдістемелік оқу құралдарымен, көрнекіліктермен, географиялық карталармен, музыкалық фонохрестоматиялармен, электрондық оқулықтармен, әдеби кітаптармен толықтырылып отырады.

«Кітапты сақта», «Кітапты қалай дұрыс оқу керек» тақырыбында барлық сыныптармен кітапты ұқыпты ұстау мақсатында әңгімелеу жүргізілді. Кітап тексеру рейдтер сыныптар бойынша тексеріледі.

Оқушылардың жүйелі оқуға тарту мақсатында жоспар бойынша әр тақырыпта түрлі іс-шаралар өткізіледі 2025-2026 оқу жылында өткізіген төртінші тоқсанның қорытындысы.

Біздің балалар үшін ең бастысы көрнекілік. Сол себептен кітапханадағы іс-шаралардың барлығы да интерактивті жүйеде, слайд-презентациялар арқылы жүргізіледі.

Кітап көрмелері кітап туралы ақпарат берудің ең тиімді түрі. Кітапхана бұл жұмыс түрін жиі пайдаланады. Кітапханада үнемі «Жаңа кітаптар», «Менің досым энциклопедия» тақырыбында кітап көрмесі жүргізіліп отырады.

Оқуға құштар мектепжобасы аясында мектебіміздегі кітапхана ахуалы мен көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен ұстаздардың қызығушылығын арттыру, оқырмандарды машықтандыру, тәрбиелеу, кітаптарға қызықтыра білуге үйрету, ұлттық тәрбиеге бауду мақсатында «5 минут кітап оқу» атты іс-шара ұйымдастырылды. Шараға 5- сынып оқушылары қатыстырылды. Іс-шараның мақсаты оқырмандарымыздың үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әр-түрлі ертегі мен аңыз әңгімелер, өлеңдер оқып, кітап оқуға деген қызығушылықтарын

арттыру, қысқы демалыс қарсаңында оқушылардың ұнатқан кітаптарын демалыста оқуға берілді.



25 Қазан Республика күніне орай 7 'А' сынып оқушыларымен мемлекеттік рәміздеріміз ту, елтаңбамызды дәріптеу жайлы дөңгелек үстел өтті.





28-Қазан мен 3-ші Қараша аралығында күзгі демалыс.

Күзгі демалыс-оқушылар үшін оқу тоқсаны арасындағы қысқа демалыс уақыты. Бұл кезеңде балалар демалып, денсаулығын нығайтып, отбасымен бірге уақыт өткізеді. Сонымен қатар олар кітап оқып, сүйікті істерімен айналысып, жана күш жинайды. Осыған орай оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, демалыста кітап оқу маңыздылығын байланыстыра отырып кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру.

Видеоролик мектеп парақшасына жүктелді.

16-шы Желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында 8 А сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



<https://www.instagram.com/p/DTa-cpYioRU/?igsh=bnJyY285cXRxeXUx>

29шы Желтоқсан мен 7ші Қаңтар аралығында қысқы демалыс уақыты. «Қысқы демалыста кітап оқимыз» атты оқушылар арасында кітап оқу ұйымдастырылды. Балалардың қуанышты кездері, қыс мезгілі, дала ашақ қар айнала өте әдемі кез сүйсінерліктей. Табиғаттың әрбәр маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Қысқы демалыс –кітап оқуға таптырмас уақыт. Қысқы демалыс кезеңінде оқушылардың уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында кітап оқуға ерекше көңіл бөлінуде. Кітап-білімнің қайнар көзі, ал демалыс рухани дамудың мүмкіндігі.



Сол себепті бастауыш сынып оқушылары өздеріне ұнаған ертегі кітаптарын алып оқыды.



«Шын жүректен кітап сыйла» акциясы



14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні, бұл кітап оқуды сүйетін және ұнататындардың мерекесі. Әдетте бұл күні бір-бірімен кітап алмасады немесе бір-біріне сыйға тартады. Жаңа, қызықты, танымдық кітап оқу – кез келген адам үшін үлкен қуаныш және кітап әрқашанда ең керемет сыйлық болып қала береді. Мақсаты– кітаптың құдіретін арттырып, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту. Бұл халықаралық мерекенің бастамасы АҚШ-тың «балалар кітабы» сайтының негізін қалаушы, үш баланың анасы Эмми Бродмур. Бірде анасынан ұлдары «адамдар бір-біріне кітап беретін күн неге жоқ» деген сұрағы осы мерекенің пайда болуына түрткі болды. Эмми Бродмур өзінің байланыс арналары арқылы таныс блогерлерге, әлеуметтік желі қолданушыларына, әріптестеріне және сайт серіктестерімен хабарласып, 14 ақпан күні кітап сыйлаумен басталды.

Бұл күні, ең алдымен балаларға, сондай-ақ белгілі-бір себептермен кітап оқуға мүмкіндігі шектеулі адамдарға кітап беру әдетке айнала бастады. Ақпараттық технологиялар мен цифрлық кітаптардың дамуына қарамастан, баспа түріндегі кітап рухани құндылық ретінде бағалана бастады. Бүгінгі таңда мерекеге қатысуға кітап сауда желілері, кітап өнімдерін сататын сайттар, сондай-ақ қайырымдылық ұйымдары ықпал етуде. Осы мерекеге орай Тұрақты Даму Мақсаттарының 4-тармағы «Сапалы білім беру» аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің заң факультеті «Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика» кафедрасының меңгерушісі профессор Р.Е. Джансараеваның бастамасымен кафедраның профессор-оқытушылар құрамы университет кітапханасымен бірлесе отырып, «Шын жүректен

кітап сыйла» акциясын ұйымдастырды. Кітап беруді бастағаннан кейін ол білім алушыларға кітаптар сыйлады, ал университеттің студенттері мен оқытушылары да соған ерді. Акция барысында оның қатысушылары тек кітаптармен ғана емес, сүйікті кітаптары/авторлары туралы қызықты әңгімелерімен де бөлісті.

Бұл акцияның басты мақсаты — қарапайым және мейірімге толы барлық адамзатты кітап оқуға шақыру, білім алушылардың кітап оқуы мен кітапты бір-біріне сыйлау дәстүрін қайта жандандыруға ықпал ету, кітапханаларға жақсы кітаптар тарату, технология заманында да кітап өз құндылығын жоғалтпайтын ерекше сыйлық болып қалатынын көрсету.

Акция басты мақсатына қол жеткізді, кітапхана білім алушылар оқуын, бір-біріне кітаптарды сыйлауды қайта жаңғыртты, жаңа оқырмандарды тартуға ықпал етті. Кітапхана директоры өз сөзінде бүгінгі таңда кітап пен мерекені насихаттаудың идеялық шабыттандырушылары өз мақсаттарына қол жеткізгенін айтты.

Айта кетейік бұл мереке кітапсүйер қауым үшін ерекше күн болып саналады. Мерекенің қағидасы бойынша дәл осы күні білім алушыларыңызға, досыңызға, жақын туысыңызға қызығып жүрген кітабын, сол себепті сізде атаулы күн қарсаңында құрбыңызға тіпті жақыныңызға кез-келген жанрдағы қызықты кітапты сыйлай аласыз.

Кітап – жақсы дос, рухани азық. Сондықтан да бір-бірімізге сүйіспеншілікпен кітаптар сыйлайық!

<https://www.instagram.com/reel/DUz2mZ7CjGC/?igsh=czNtNGpqNGV5cTNI>

Ақпан айында мектеп мұғалімдерінің қатысуымен «Кітап-рухани асыл қазына» атты мұғалімдер арасында сайыс өтті. Білім мен шабыттың мерекесі болды. «Кітап оқитын ұлт» -бұл тақырыпта кітап оқудың ұлт дамуына тигізетін әсері баяндалады. Кітап оқитын қоғам- білімді, ой өрісі кең, мәдениеті жоғары қоғам екені көрсетіледі.




Ақпан айында жылдағы үрдіспен цифрозацияландыру бағыты бойынша «Е-таңдау» бойынша жұмыс жасалды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен 4-сыныпқа қазақ тілі, математика, дүниетану, әдебиеттік оқу оқулықтарына сұраныс жасалды.



4 –ші тоқсан ның іс шаралары жоспар бойынша іске асырылады. «Балалар басылымдары- кітапқа бастайтын жол» тақырыбында 4 А` сынып оқушыларымен «Кітапханаға саяхат» жасалды. Балалар басылымдары, баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыратын алғашқы қадам. Олар арқылы бала әріп танып, сөздік қорын байытады, ой- өрісі дамиды. Осындай басылымдар кітапқа бастайтын жол болып табылады. Оқушылар кітапхананың бөлімдерімен, кітаптарды орналастыру тәртібімен және пайдалану ережелерімен танысты. Кітаптардың алуан түрі көрсетіліп, балаларға қызықты әдебиеттер ұсынылды. Сондай-ақ кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы түсіндірілді.

<https://www.instagram.com/reel/DXLjCH0CiBO/?igsh=Z2Nlc2ZvN3kyejUw>



<https://www.instagram.com/reel/DXLjCH0CiBO/?igsh=Z2Nlc2ZvN3kycjUw>

Сәуір айында 2 «А» сынып оқушыларымен «Ертегілер әлемінде» Бұл тақырып бастауыш сынып оқушыларының ертегілер арқышы рухани дамуын сипаттайды. Ертегілер әлемі балаларға жақсылық пен жамандықты ажыратуды, адалдық, достық, мейірімділік сияқты құндылықтарды үйретеді. Оқушылар ертегіні оқи отырып, қиялын дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттырады. Сонымен қатар, олар кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы өмірлік сабақ алады және дұрыс шешім қабылдауға үйренеді.



<https://www.instagram.com/reel/DXexl2yCkW0/?igsh=MWRhMHhoNDB5ZWRqbw==>

Үйірме жетекшілерінің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық есебі

Кіріспе

2025–2026 оқу жылында №8 негізгі орта мектебінде оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарына қарай түрлі бағыттағы үйірмелер табысты жұмыс атқарды. Атап айтқанда, волейбол, дебат, театр және робототехника үйірмелері тұрақты түрде өткізіліп, оқушылардың шығармашылық, сыни ойлау, логикалық және техникалық дағдыларын дамытуға ықпал етті. Үйірмелер мектептен тыс тәрбие жұмысының тиімді құралдарының бірі болып, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

2025–2026 оқу жылында «волейбол үйірмесі жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыс жүргізді. Үйірменің негізгі мақсаты – оқушылардың дене дайындығын жетілдіру, волейбол ойынының техникалық және тактикалық дағдыларын қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ оқушылар арасында командалық рух пен жауапкершілік сезімін дамыту болды. Үйірмеге жалпы **19 оқушы** қатысты. Сабақтар аптасына **3 рет** белгіленген кестеге сәйкес өткізілді. Жаттығу барысында оқушыларға волейбол ойынының негізгі техникалық элементтері: допты қабылдау және беру, жоғарыдан және төменнен қабылдау тәсілдері, допты ойынға қосу, шабуылдау, тосқауыл қою, алаңда қозғалу техникасы мен ойын ережелері үйретілді. Сонымен қатар, ойын тактикасын меңгеруге және командалық өзара әрекеттестікті дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Оқу жылы бойы оқушылардың дене дайындығын арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Атап айтқанда, жылдамдықты, ептілікті, төзімділікті және күш-қуатты дамытуға арналған арнайы жаттығулар орындалды. Түрлі эстафеталар, спорттық ойындар және оқу-жаттығу кездесулері ұйымдастырылып, оқушылардың спортқа деген қызығушылығы арттырылды. Үйірме мүшелері мектепшілік, қалалық, облыстық спорттық жарыстар мен бұқаралық іс-шараларға белсенді қатысып, жақсы нәтижелер көрсетті. Атап айтқанда:

- Мектепшілік жарыстарға үйірменің барлық мүшелері белсенді қатысты;
- 7–8 сынып оқушыларынан құралған команда қалалық мектеп лигасы жарысына қатысып, топтық кезеңнен сәтті өтті;
- 5–6 сынып оқушыларынан құралған команда қалалық мектеп лигасы жарысына қатысып, жеңімпаз атанды;
- 5–6 сынып оқушылары қалалық кезеңде жеңімпаз атанып, облыстық мектеп лигасы жарысына қатысып келді;
- Қалалық жарыстарда I және III орындарды иеленді;
- Түрлі спорттық іс-шаралар мен достық кездесулер ұйымдастырылды;
- Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Жыл қорытындысы бойынша оқушылардың волейбол спортына деген қызығушылығы артып, техникалық шеберлігі мен дене дайындығының деңгейі

жақсарғаны байқалды. Үйірмеге тұрақты қатысқан оқушылар ойын ережелерін толық меңгеріп, жарыс жағдайында өз қабілеттерін тиімді көрсете білді.

Қорытынды

Волейбол үйірмесінің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деңгейде орындалды. Жыл басында қойылған мақсаттар мен міндеттердің басым бөлігі жүзеге асырылды. Үйірме жұмысы оқушылардың денсаулығын нығайтуға, спорттық шеберлігін жетілдіруге және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға оң әсерін тигізді.


Алдағы оқу жылында оқушылардың қамтылуын арттыру, жарыстарға қатысу аясын кеңейту, спорттық жетістіктерді одан әрі жақсарту және волейбол спортына қызығушылық танытатын оқушылар санын көбейту бағытындағы жұмыстар

5-9сыныптарда «Робототехника»Модуль 1.2-9сыныптар үшін басқа елдердің тәжірибесімен робототехника мен оқу-әдістемелік құралдарды оқыту

Робототехника үйірмесі

Мақсаты: STEM бағытындағы білім беру арқылы оқушылардың техникалық ойлауын, конструкторлық және бағдарламалау дағдыларын дамыту.

Жетекшісі: Кәкімжан А. Д. Фраунгофер LAIS (*Фраунгофер тау-кен және ақпараттық жүйелер институты LAIS*) Cloud Programming Technology (CPT) және тіпті күрделі жүйелерді оңай бағдарламалай алатын NEPO визуалды бағдарламалау тілін әзірледі. CPT веб-браузерде тікелей NEPO бағдарламаларын жасауға мүмкіндік беретін заманауи веб-сервер технологиясына негізделген (1.2. сурет). NEPO визуалды бағдарламалау тілі және бағдарламалау ортасы арқылы біріктірілген қолдау тіпті жаңадан бастағандар үшін де бағдарламалауға жылдам және оңай қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Платформа және бағдарламалау тілі көптеген жылдар бойы білімберуде сәтті қолданылып келеді.



1.2-

сурет.Сүйреп апарып тастау блоктарын пайдаланып бағдарламалар жасаңыз

Технология операциялық жүйеден тәуелсіз пайдаланылуы мүмкін және әртүрлі аппараттық жүйелерге бейімделуі мүмкін. Графикалық көрінсіне қарамастан, NEPO - C, Java немесе Python сияқты дәстүрлі бағдарламалау тілдерінің барлық аспектілерін қамтитын толық бағдарламалау тілі. Open Roberta Lab бағдарламасында көптеген боттар мен тақталарды бағдарламалауға болады (1.3-сурет). Мысалы, жаңадан бастаушыларға арналған микроконтроллер, озық пайдаланушылар үшін басқару роботтары немесе сарапшылар үшін гуманоидты робот.

Скрыть Роберта Сью

EVE

NXT

Катялина Мина

Мы делаем

робот

микробот

Неро-Анатолий

Д-С-Б-С

ИАС

Одисей

Волонтеры образования

Бот-Юрий

Смисловик

Боты и доски под университетским столом


1.3-сурет.Боттарментақталар

Сондай-ақ қағазда қол жетімді Open Roberta NERO визуалды бағдарламалау тәлі қызығушылық тудырады (1.4-сурет). Компьютерсіз бағдарламалау. Бағдарламаның блоктары кесіліп, қағаз парағында код құрастырылады.



1.4-сурет.Қағазда бағдарламалау

YouTube арнасында «Programming with Open Roberta feat. Дэниел Юнг пен Софи Шарлотта» Мехатроника студенті Софи Шарлотта мен математика мұғалімі Дэниел Юнг әртүрлі роботтар мен микроконтроллерлерді бағдарламалауды көрсетеді. (1.5-сурет) [1]



8-15 жас аралығындағы мектеп оқушылары үшін 3 жылға арналған бағдарлама (180 сабақ) келесі бағыттар бойынша құрастырылған:

Scratch және AppInventor орталарындағы алгоритмдер және шығармашылық бағдарламалау: ойын мен мобильді қосымшаны бағдарламалау.

Ақылды үйге және мобильді робототехникаға кіріспе - біз виртуалды смарт үй жасаймыз және роботымызды оны басқаруға үйретеміз, біз роботтармен әртүрлі күрделіліктегі жолдар мен лабиринттерден өту жарыстарына дайындаламыз.

3D прототипі – Tinkercad және Freesad бағдарламаларында күрделілігі әртүрлі үш өлшемді модельдерді модельдеу және әзірлеу.

Unity 3D және Unity AR жүйесіндегі толықтырылған шындық технологияларымен танысу – AR жүйесінде ойындар құру, дизайн негіздерін үйрену.

Python және Kotlin тілдерінде кеңейтілген бағдарламалау - негізгі және кеңейтілген бағдарламалау тұжырымдамалары.

Сабақтардың мазмұны жобалық жұмысқа негізделген, оның барысында робототехника және бағдарламалау тілдері нақты әлеуметтік мәселе контекстінде оқытылады. [2]

Кореяда бірінші жартыжылдықта 12-16 жас аралығындағы балалар робототехниканың негізгі принциптерін және механиканың, физиканың, информатиканың теориялық негіздерін, датчиктер мен жетектердің жұмыс істеу принциптерін, сондай-ақ 12-

16 жас аралығындағы балаларды мектепте, контроллер. Екінші жартыжылдық – сыныптар жобалық технологиялар принципі бойынша құрылады және сабақтас білім беру салаларынан (химия, биология және т.). ОӘК құрылымы:

Модельдер кестесі барқысқаша жұмыс бағдарламасы (1.6 сурет);

оқытушыға (тренерге) арналған презентациялар PPT форматындағы әрбір сабаққа – 70 дана. (бірінші жартыжылдықтың тақырыптары бойынша 12-16 жас аралығындағы 34 презентация, 12-14 жас аралығындағы жобалық технологиялар аясында 18 презентация және екінші жартыжылдықта 14-16 жас аралығындағы 18 презентация.

52				57			
53				58			
54				59			
55				60			
56				61			
				62			

